

ӘЛЕМДЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ ҚАТЕРІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

2-бет



ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫ ҰСТАНАТЫН ПАРТИЯ

7-бет



«ЕГО НАЗЫВАЛИ СВЯТЫМ»: ФЕНОМЕН МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

14-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

20 JYL

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №36 (906) 28.09.2020 jyl




## ДҮЛДҮЛ ЖЫРДЫҢ ДАРАБОЗЫ

**Иса өлеңді айлап жазып, қайта-қайта күзеп-түземеген ақын. Жұрт алдында ауызекі айтылған жырларының басым бөлігі мүлдем қағаз бетіне түспегені де белгілі...**

**Иса Байзақов жайында қазақтың ірі тұлғаларының айтқан жылы лебіздері өз алдына бір төбе. Осы бір екі-ақ естеліктен оның халық үшін өмір сүріп, айналасына сыйлы болғанын анық байқаймыз.**

8-9 бет

# ҰЛТШЫЛДЫҚПЕН МАҚТАНУЫМЫЗ КЕРЕК!

## ЕЛ АЗАТТЫҚ АЛДЫ – ТІЛ АЗАТТЫҚ АЛҒАН ЖОҚ!




6 бет

**– Мен Ұлттық Кеңесте де осы мемлекеттік тіл мәселесін көтерген болатынмын. Сол кезде бір айдың ішінде Мәдениет министрлігі жиын өткізді. Қазанның 8-күні Ұлттық академиялық кітапханада министр Ақтоты Райымқұлованың жүргізуімен, барлық комитет төрағаларының қатысуымен жиын өтті. Сол кезде Тіл комитетінің төрағасы Ғалымжан Мелдеш тек менің осы мемлекеттік тіл туралы ұсынысым бойынша баяндама жасады. Төрт күннен кейін, сол кездегі вице-премьер Бердібек Сапарбаев бес министрді жинап алып, тағы жиын өткізді. Мен ол жерде де осы тақырыпты көтердім. Жақында, осы жазда Мәдениет министрлігінің Тіл комитетінде Мемлекеттік тіл туралы заң жобасының Тұжырымдамасы жасалып, Үкіметке жіберілді. Енді ол Үкімет басшысы Асқар Маминнің қолында.**



# БАЙТОҚ ЕНДІ МӘЖІЛІС МАНДАТЫН ҚАЙ КАБАҚҚА ТАСТАМАҚ?!.

## БАС ІСТЕМЕСЕ, ҚОЛ ІСКЕ КІРІСЕДІ...

10 бет



## ТҮРКІСТАН – ТҮГЕЛ ТҮРКІНІҢ ОРДАСЫ

**Түркістан – екі дүние есігі ғой.
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңір берген несібі ғой!
Тұран тұлға тұтқан Мағжандай ұлы ақындардың маржан жырына арқау болған, бүкіл Түркі ардақ тұтқан қасиетті Түркістанның түлеуі жаңа кезеңге қадам басты!**

12 бет

# «ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ» – ЭТО НЕ ПОХИЩЕНИЕ ЧЕЛОВЕКА!



**По сведениям Генеральной прокуратуры Казахстана, в 2019 г. в стране возросла статистика насилия над женщинами до 90% в сравнении с 2015 г. Часто домашние тираны оправдывают свои действия тем, что ислам разрешает избивать жену в воспитательных целях. Также участились похищения девушек с целью насильственной женитьбы без ее согласия. Редкий случай похищения человека заканчивается судом и тюрьмой для парней.**

13 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 | Жазылу индексі – 65380

# ӘЛЕМДЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ ҚАТЕРІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

**Ядролық қаруы жоқ әрбір мемлекетке қауіпсіздіктің заңды тұрғыдан міндетті кері кепілдіктері берілуі тиіс. Бұл туралы БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының жалпысаяси дебаттарында сөз сөйлеген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.**



«Пандемия салдарынан біз тағы да екі үлкен сын-қатермен бетпе-бет келіп отырмыз. Біріншісі – ядролық қаруды таратпау және қарусыздану дағдарысы. Бүгінде Қазақстан өз еркімен ядролық арсеналынан бас тартқан және әлемдегі ең ірі атом сынақ полигонын жапқан мемлекет ретінде барша әлемге үлгі болып отыр. Осылайша бейбітшілік мәселісіне аса жауапкершілікпен қарайтын ел екенін танытты. Алайда, ядролық қаруды таратпау режимі толық іске аспағандықтан оның қаупі сейілген жоқ. Осы орайда, барлық мүше мемлекеттер адамзатты ядролық апаттан құтқаруға бағытталған қажетті әрі кезек күттірмес барлық шараны қабылдау туралы Қазақстанның ядролық держава саналатын елдерге жолдаған үндеуін қолдайды деп үміттенемін», - деді Қазақстан Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев ядролық қаруы жоқ әрбір мемлекетке қауіпсіздіктің заңды тұрғыдан міндетті кері кепілдіктері берілуі тиіс екендігін айтты. «Біз «ядролық бестіктің» барлық мемлекеттерін Ядролық қарудан таза аймақтар туралы шарттың тиісті хаттамаларын, соның ішінде Семей шартын ратификациялауға шақырамыз» – деді Мемлекет басшысы. Сонымен бірге ол коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеуді саясиландыруға жол бермеу керектігін айтып, Семей полигоны мен Арал қасіретін әлем жұртшылығының есіне салды.

# ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҰСЫНЫСЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛДІ

**Мемлекет басшысының көмекшісі Ерлан Қарин ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ұсынысымен заңға енгізілген маңызды бастамалардың бірін атады.**

«Ұлттық кеңестің «қоржынында» жүзеге асырылған тағы бір маңызды бастамалардың бірі – Мәжіліс пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылық жерлерінің базалық салықтық ставкасын арттыру бастамасын бекітті. Бұл бастаманы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 20 желтоқсанында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында көтерген болатын. Сол кезде Мемлекет басшысы Үкіметке жердің тиімді пайдаланылуына бақылауды күшейтуді, оның ішінде пайдаланылмай жатқан жер үшін базалық салықтық ставканы 10-нан 20 есе арттыруды тапсырған еді», - деп жазды Ерлан Қарин Facebook-парақшасында. Парламент Мәжілісінің депутаттары екінші оқылымда осы мәселеге қатысты заң жобасын мақұлдады. Жердің тиімсіз пайдаланылуына қатысты шараларды күшейту мақсатында 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылық жерлері үшін базалық салықтық ставка 10-нан 20 есе артатынын жеткізді Е.Қарин. Бірақ заңның күшіне енуі неге 2022 жылға кешіктірілгені туралы түініктеме бермеді.

# КӘСІПОДАҚ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚОРҒАН БОЛА АЛА МА?

**Күні кеше ғана «BAQ KASIPODAQ» салалық кәсіподағының басшылығына келген белгілі тележүргізуші Зейін Әліпбек жаңа ұйымның алдындағы мақсат-міндеттер жайлы айтып берді.**

«Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері журналистердің жеке салалық кәсіподағы бірінші рет құрылып отыр. Бұрын басқа кәсіподақтардың құрамында журналистер ақпарат саласының қызметкері ретінде жүрді. Ал енді жаңа кәсіподақ – кәдімгі заңды ұйым, бүкіл кәсіподақтардың атқаратын мақсат-міндеті секілді журналистердің әлеуметтік-құқықтық мәселелерінің шешілуіне көмектесуді, керек жерде журналистердің мүддесін қорғауды, олардың дамуына жағдай жасауды көздейді», - деді Зейін Әліпбек.

Кәсіподақ басшысының айтуынша баспана алу немесе басқа да жеңілдіктер тұрғысынан журналистер ешқандай бағдарламаға ілінбей келеді. «Шерағамыздан «Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ» деген сөз қалғанын білесіз. Бұл сөз әлі де өзекті. Журналист елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүргенімен өзі сол игіліктердің бірін де көрмейді. Ашық сұрай да алмайды – намыс көреді. Одан бөлек журналистер де ел қатарлы демалыс-сауықтыру орындарына барғысы келеді. Сол секілді спортпен айналысуына да айтарлықтай мүмкіндік жасалмаған. Осы шаруалардың бәрін жеке-жеке жоба ретінде жүзеге асыру көзделіп отыр. Қазір сол мақсатты жоспарларды топтастырып, бағдарламаларды анықтап, бір айдың ішінде оларды жариялаймыз», – деді ол. Зейін Әліпбек кәсіподаққа кіру тәртібі ерікті болатынын жеткізді.



# ҚҰС ТҰМАУЫ ӨРШІП БАРАДЫ

**Құс тұмауы еліміздің 7 өңірінен анықталып, қырылған үй құстарының саны 223 мыңнан асты. Осыған байланысты ауру ошағы анықталған ауылдар карантинге жабылып, ондағы үй құстары тегіс жойылады.**

Үй құстары жаппай қырылып жатқан өңір – Қостанай облысы. Мұнда баудай түскен құстың жалпы саны 112 мыңға жеткен. Шығынның көбі құс фабрикаларына болып жатыр. Одан кейінгісі Солтүстік Қазақстанда 107 мыңнан аса құс қырылған. Павлодар облысының тұрғындары 2 мың 753 қаз бен тауығынан айырылды. Ақмола облысында 703, Жамбыл және Түркістан облыстарында 500-ден асады. Әзірге ең азы Қарағанды облысында. Нұра ауданындағы Тассуат, Изенді және Жарасбай ауылдарына ұзын саны 60 тауық пен 44 қаз өлді. Еліміз бойынша кесел анықталған жерлер карантинге жабылды. Сонымен қатар сол елдімекендердегі үй құсының барлығының көзі жойылатын болады. «Әрі қарай сол үй құстарының қожайындарына республикалық бюджеттен қаражат беріледі. Бүгінгі күні нарықтық баға бар, тауық – 1-1,5 мың теңге. Ал, қаздың құны үш мыңның шамасында. Құстың саны мен бағасын комиссия анықтап, ережеге сәйкес жұмыс істейді» – деді ҚР АШМ Ветеринария комитетінің аумақтық инспекциясы басшысы Марат Мұхтаров. Қалай дегенмен құстардың жаппай қырылуы елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуге нұқсан келтіретіні сөзсіз.

# МИНИСТР МӘЖІЛІСТЕ ЖАУАП БЕРЕДІ

**Індетке шалдыққан дәрігерлерге өтемақы толық төленбей жатыр. «Мұның себебін Денсаулық сақтау министрі Мәжіліске келіп түсіндіруі тиіс» деген талап қойды депутаттар.**



Бес айдан астам уақыт бойы министрліктен министрлікке жауапкершілік аударылып, мәселе әлі шешілмеген. Жоғарыда аталған проблемалар Денсаулық сақтау және Еңбек министрліктерінің өзара іс-қимылының үйлеспеуінен болып отырғанға ұқсайды. Мемлекет басшысы 30-наурызда COVID-19 жұқтырған дәрігерлерге 2 миллион теңге, ал қайтыс болған жағдайда отбасына 10 миллион теңге өтемақы төлеуді тапсырған болатын.

Депутат Зәуреш Аманжолова көтеріп отырғаны осы мәселе енді бақылауға алынбақшы. Бүгінгі жағдай бойынша Қазақстанда 12 830 медицина қызметкері індетке шалдыққан. Ал мемлекеттен төлем алуға небәрі 2 мың 475 өтініш түскен, бұл ауырғандардың жалпы санының 19 пайызы ғана. Ал біржолғы әлеуметтік төлем тек 1 830 адамға немесе вирус жұқтырғандардың 14,3 пайызына төленген. Коронавирустан қайтыс болған дәрігерлердің отбасына өтемақы төлеу қарқыны тіпті төмен. Бүгінге дейін ковидтен 197 медицина қызметкері көз жұмса, министрліктен төлемге тек 38 өтініш түскен. Ал өтемақыны алғандар саны бар-жоғы 25 немесе марқұм болғандардың жалпы санының 13 пайызына да жетпейді.

–Денсаулық сақтау министрінің өзі келіп есеп берсін. Президенттің төлемақыға қатысты тапсырмасы жарты жыл бұрын берілді. Дәрігерлер өмірін қатерге тігіп, алғы шепте еңбек етті. Талайы вирус жұқтырды, көбі көз жұмды. Сондықтан министрдің өзі жауап беруге міндетті, -деді Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин.

# ДЕПУТАТТАР ТРИЛЛИОНДЫ ТАППАЙ ҚАЛДЫ

**Елімізде бір жұмыс орнын ашуға 4 миллион теңге жұмсалады екен. Депутаттар жұмыссыз қазақстандықтарға сол триллиондаған теңгені таратып беруді ұсынды.**

Коронавирустың екінші толқынында жағдай ушықса, жарты миллионнан аса жұмыссыздың қатарына тағы 200 мыңдай адам қосылады. Екі миллионнан астам қазақстандыққа қолдау қажет болады. Еңбек министрлігі қиналған халықты 42500 теңге төлемді көбейту арқылы жарылқаймыз деп отыр. Триллиондарды бөліп беру туралы ұсыныс пен жұмыссыздың жайы Мәжілісте қаралды. Күздегі коронавирустың екінші толқынын Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек министрлігі үреймен күтіп жүр. Олар 2 миллион 200 мың адам қиындыққа тап болғалы тұр деп дабыл қақты. Ал, Ирина Смирнова бастаған депутаттар сол бағдарламаларға бөлінген триллиондарды жемқорлардың жемсауында кеткенше жұмыссыздарға таратып берейік дейді. Екі сағаттан астам Біржан Нұрымбетовтың есебін тыңдап, шенеунікті сұрақтың астына алған депутаттар әлгі триллиондарды таппай қалды. Триллиондарды тарату ұсынысын еңбек министрлігі қолдаған жоқ, өйткені сол қомақты ақша бөлініп кеткен көрінеді. Былайша айтқанда министр депутатттардың алдын орап кетті.

# ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚҰЗЫРЕТІН КҮШЕЙТУ КЕРЕК

**«Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Зәуреш Батталова қоғамдық бақылау туралы заң жобасын әзірлеуге қатысуға ниет білдірді.**

Зәуреш Батталованың пайымдауынша, қоғамдық бақылау мәселелерін нақты реттеп отыратын бірыңғай заң болуы керек. «Қоғамдық бақылаудың субъектілері кім болуы тиіс – ең алдымен әлбетте жеке тұлғалар. Яғни, оның басында азаматтық белсенділік танытa білетін, әрекеттері заңға қайшы келмейтін азаматтар, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық комиссия бақылаушылары, консультативті органдар, мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестер тұруы керек. Осы тізімді кеңейткен абзал. Сонымен бірге қоғамдық бақылаудың объектілерінің де тізімін ұзартқан дұрыс. Олардың қатарында мемлекеттік органдардың ғана емес, квазимемлекеттік секторды, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, денсаулық сақтау басқармалары мен жеке мүлік формаларының, жұмыс берушілердің, жеке және заңды тұлғалардың – бір сөзбен бюджет есебінен ақша алатын, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындайтын, монополиялық орында тұрған нарық субъектілері болуы керек», - деді ол. Зәуреш Батталова заң жобасының тұжырымдамасын қабылдауға және қоғамдық бақылау туралы заң жобасын әзірлеуге өзінің де тікелей атсалысуға ниетті екенін білдірді.

**Үшінші мегаполистің бұл ауданы – көне Отырар қаласында туған ұлы ғалым, энциклопедист, әлемнің Аристотельден кейінгі ұстазы атанған ғұлама Әл-Фарабидің есімімен аталады. Ол – Шымкент қаласының орталық бөлігінде орналасқан және қаламыздағы ең негізгі мәдени ошақтар, ірі сауда нысандары, қонақүйлер, беделді жоғарғы оқу орындары мен әсем саябақтар, аллеялар мен гүлзарлар осында орын тепкен. Бұл жерде аудан әкімі Ғабит Мәуленқұловтың бастамасымен көптеген игі істер атқарылуда. Жүрегі жалын атып жүрген жас басшының күш-қуаты мен ерік-жігері бірнеше басшыға жетерліктей – оларды қатар қойып, теңдей бөліп берсе де, сарқылмайтындай болып көрінеді. Қызметіндегі ұстанымдары кімге болса да, үлгі боларлықтай. Өзі оларды әзіл-шыны аралас «Жеті Ж» деп атайды: «Жемқорлықты жақтырмау, жемқорлыққа жуымау, жемқорлықты жойып жіберу». Осы ұстанымдары әкімнің әр ісінде, әр қадам басқанында белгі беріп тұратындай-ақ...**



**Ғабит МӘУЛЕНҚҰЛОВ, Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының әкімі:**

# ЖЕМҚОРЛАРҒА ЖЕМ БОЛУ – БАРЛЫҚ ЕЛДЕН КЕМ БОЛУ!

### I. ЖАСТАР ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ

Аудан шеңберінде әкімнің шешетін мәселелері мен атқаратын тірліктері шаш-етектен. Қысқы маусымда көпқабатты үйлерге сапалы жылу беру, ауданның санитарлық тазалығын сақтау, ретсіз сауданы жүйелеу, азық-түлік тауарларына мониторинг жүргізу аудан әкімінің жеке бақылауында ұстайтын жұмыстарының бір парасы ғана. Сондықтан болар, қала тұрғындары Ғ.Мәуленқұловты кабинетінен гөрі көшелерде жиірек кездестіреді.

Мәселен, жуырда ғана Әл-Фараби ауданының әкімі Ғабит Мәуленқұлов Шымқаланың белсенді жастарымен кездесу өткізді. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен кездесу бейресми, еркін форматтағы пікір алмасу алаңы ретінде ұйымдастырылды. Шараға Түркістан облысы, Шымкент қаласы «Кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі жанындағы «Келешек» жастар қанатының белсенділері, «Жас Отан» Жастар қанаты және жастар ресурстық орталығының Аутрич және NEET жастармен жұмыс жүргізу бөлімінің қызметкерлері, студенттер, жастар мәслихатының депутаттары, еріктi жастар, қоғамдық ұйымдардың мүшелері қатысты.

«Жастармен жиірек кездесіп, сұхбаттасып жүру керек, – дейді Ғабит Патшаханұлы: – Бұндай кездесулер оларды парасатты, әділ қоғам құруға үндеп, жемқорлық атаулыны жолатпауды үйретеді. Жалпы, жемқорлық – аса қауіпті жау. Ол әлі буыны қатпаған өскелең ұрпақтың санасын ерте бастан улауға бейім. Оның үстіне, ол көп жағдайда «жанашырлық» бейнесінде жолығады. Алданып қалу бір пәсте! Мысалы, үлгерімі нашар студенттердің 5-10 тиын беріп жіберсе, жақсы баға алып шығу мүмкіндігіне жолы ашылады. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруді әдетіне айналдырған кей жас буын өз-өзіне үлкен залал келтіріп отырғанын түсінбей де қалады. Өйткені, ертең диплом алғанымен, білімді сол күйі ала алмай, дубара маман болып шығатынын түсінбейді. Ал, осыны түсіндіруге тиіс аға буынның жекелеген өкілдері жемқорлыққа салынып, он гүлінен әлі бір гүлі ашылмаған жастарымыздың болашағына балта шабатынын сезінбейді».

Аудан басшысының бұл айтқанымен келіспеу, әсте, мүмкін емес! Расында да: «Сыныктан басқаның бәрі жұғатынын» ескерсек, жастарымыз ересектерге еліктеп, жемқорлық дертіне шалдығатыны бар. Қарап отырсақ, сыбайлас жемқорлықпен құрықталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылып жүрген жастарымыз соңғы жылдары көбейіп барады. Бүгінгі таңда жас мамандар мемлекеттік қызметке көптеп кірісуде. Әл-Фараби аудандық әкімдігінде де жұмыс істеп жүрген жас мамандар жеткілікті. Осылардың жемқорлық дертіне шалдықпай, өз жұмысын заң шеңберінде атқаруын жіті қадағалап жүрген әкім:

«Сыбайлас жемқорлық – параға сатып алу деген ұғымға сай. «Corruptio» деген латын тілінде – «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген мағынаны білдіреді, құқыққа қарсы іс-әрекеттер. Жағымпаздықты да сыбайлас жемқорлықтың белгілері деп санаймын. Әл-Фарабише айтар болсақ: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы». Ал, тәрбие тал бесіктен басталады. Аудан әкімі аппаратының барлық қызметкерлеріне және аудан тұрғындарымен жеке қабылдауда, кездесулерде – әрдайым заңдағы өзгерістер мен толықтыруларды (пара беру мен алудың қазіргі таңда жауапкершілігі тең екендігін) жеткізе отырып, егер кім де кім пара сұрау фактілерімен кезіксе, жедел түрде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне хабар беруге шақырамын. «Ашық есік» күнін ұйымдастырып, тұрғындарды мазалаған сұрақтарына жауап беріп, мәселесін шешуге ықпал етемін. Сыбайлас жемқорлық, пара алу-беру деген не екені – мекемеміздің қабырғаларына іліп қойылған, одан бөлек, ай сайын сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершіліктері ескертілген хабарлама таныстырылып қол қойылып отырады. Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ең бірінші өзім таныстырамын. Осыдан кейін, «2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі» іс-шара жоспарына сәйкес аппарат басшысы мен бас маман-заңгер жалғастырып, аптасына бір рет жиналыс ұйымдастырылып отырады», – деп, әрі қарай жалғастырды: «Дамыған елдердің ішінде өзім іс-сапармен барып келген елді мысалға алсақ, Сингапур – сыбайлас жемқорлықты тергеу бюросын ашқан және оның өкілеттіліктерін кеңейткен. Барлық шенеуніктер – иммунитеттен, жеңілдіктен айырылған. Дания – елдегі барлық адамдардың кіріс-шығыс қаражаттары жасырын емес, жыл сайын жариялап отырады, жалған ақпарат беру жемқорлық болып саналады. Осы аталған елдердің тәжірибесін алып, іске асыру қажет».



### II. ӘКІММЕН АРАДА БОЛҒАН СҰХБАТ

Ғабит Патшаханұлы бір жерде отырмайды, ол үнемі елдің, қалың жұрттың арасында. Аудан бойынша тұрғындарды мазалаған мәселелерді өз көзімен көріп, елмен пікірлескенді жақсы көреді. Сондықтан болар, қала көшелерінен әкімді жиірек кездестіруге болады.

Аудан көлемінде 4 базар, 19 сауда орталығы және 10 дүкен бар. Олардағы бағалар бойынша азық-түлік тауарларының 33 түріне тұрақты мониторинг жүргізіліп жатқан көрінеді. Бұл сауда орындарына, базарларға Әл-Фараби ауданы әкімі аппараты мен басқармалардан жауапты қызметкерлер арнайы бекітілген.



Азық-түлік тауарларына күнделікті мониторинг нәтижесі бойынша қалалық штабқа мәлімет беріледі. Қандай да бір бағаның өсуі байқалса, сол сауда нысандарына жұмысшы топ барып, анықтау-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. «Өйткені, тұрмыстық жемқорлық – сыбайлас жемқорлықпен арасы алшақ емес. Өкілеттілікті асыра пайдаланып, құқыққа қарсы іс-әрекеттер. Жай ғана мысал: төтенше жағдай және карантин кезінде, дәрі-дәрмектің бағасын екі немесе одан көп еселеп сатып, оны куәландыратын кассалық аппараттан шығарылып ұсынылуы тиіс түбіртектер ұсынылмағаны белгілі. Сол сияқты базарлар мен дүкендердегі негізсіз бағаларды аспандатып жіберу де – тұрмыстық жемқорлықтың бір көрінісі» – дейді аудан әкімі.

Осындай мониторинг тобын басқарып жүргізіп келе жатқан сәттердің бірінде әкіммен жолығып, пікірлесуге мүмкіндік туды.

Ғ.Мәуленқұловтан: «Өз қызметіңізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай іс-әрекеттерді жүзеге асырдыңыз?» – деп сұрадық. Ғабит Патшаханұлы: «Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ғана міндеті емес, әрбір азаматтың міндеті. Отаным, Елім дейтін нағыз азаматтардың қатары азайып, тәрбиесі мен жауапкершілігі төмен адамдардың көбейіп кетуінен болуы мүмкін. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы, мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттілік берілген адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға қатысты қылмыстар мен қасақана заңды бұзып-бұрмалап, өз пайдасы мен мүддесін көздеген кез-келген әрекеттер сыбайлас жемқорлық болып табылады.

Өмірімде ешкімге пара беріп немесе біреуден алып көрмедім. Себебі, «әке көрген оқ жонар» дейтін қазақпыз, әкем менің әрдайым адалдыққа, «атаңның емес, адамның баласы бол» деп тәрбиелеген. Сондықтан, өз өмірлік қағидам мен алған тәрбие-білімімнің арқасында менің ондай сатқындық пен арсыздыққа баруым мүмкін емес. Дамыған елдер қатарындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес тәсілдерін атап өттім. Қай елдің тәжірибесі екенін білмеймін бірақ, коррупциялық әрекеті үшін – жұмыстан босап, барлық зейнетақы жинақтарынан айырылып, 4 буын (баласы, немересі, шөбересі, шөпшек) басшылық лауазымға орналасу құқығынан міндетті түрде айырылады екен.

Қазақтың діні мен ділін, салты мен дәстүрін ешкім жойған жоқ. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз бар, Менің айтпағым, 4 буын емес, 7 буынына дейін басшылық лауазымға орналасуына тыйым салу. Себебі, қазақта қанатты жақсы сөз бар: «Адам ақылыменен сымбатты, ұрпағымен қымбатты» дейтін. Біз әрдайым бала-шағамыздың болашағын ойлаймыз. Ал, баласының болашағын ойлайтын азамат ешқашан сыбайлас жемқорлыққа бармайды», – деді.

**PS.**
**Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтің, қаладағы аудан әкімдерінің жемқорлыққа жиіркене қарайтынын көріп, кәдімгідей қуанып қалады екенсің. Яғни, біз сыбайлас жемқорлықпен күресу бағытында түбі жеңіске жететініміз айқын. Лайым солай болсын!..**

**Әсет ӘССАНДИ,**
**Шымкент қаласы бойынша Арнайы мониторингтік топ жетекшісі,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

**Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ,**
**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шымкент қаласы бас имамының орынбасары:**

# ИСЛАМДА ТЕРРОРИЗМ ДЕГЕН ЖОҚ

*Дінтанушы-теологпен арадағы сұхбатымызды қалың оқырманның назарына ұсынып отырмыз.*




**– Дін туралы әңгіме қозғау оңай емес. Бұған, әрине, елге кірген түрлі жат діни ағымдардың әсері бар. Ол аздай, жастарымызды адастыру жолына діни секталар да кірiскенін білеміз. Осылардың біздің елімізге, жастар тәрбиесіне, салт-дәстүрімізге келтірген залалдары туралы айтып берсеңіз?**

– Үстіміздегі жылы әлем халқын әбігерге салған «Covid-2019» жұқпалы індеті мешіт жұмыстарына да айтарлықтай әсерін тигізді.

Өткен жылы Шымкент қаласы орталық мешіті жанындағы жергілікті ақпараттық-насихатты топ мүшелерінің тынымсыз еңбегі мен түрлі кереғар ағымдармен жұмыс нәтижесінде 69 жат ағым мүшесі болып жүрген бауырларымыз ата дініне оралып, дәстүрлі дінге бейімделді. Оның ішінде 50 адам жеке кездесуден кейін, 19 адам абақтыда жазасын өтеушілермен өткізілген кездесулерден кейін райынан қайтарылды. Олармен тұрақты байланыс орнатылып, әр қайсысымен жеке түсіндіру және бейімдеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы карантин талаптарына сай онлайн түрінде өтіп жатыр. Оған тиісті органдар мен қала әкімдігі тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Жат ағым мүшелерімен кездесу жұмыстарына арнайы білікті һәм тәжірибелі имамдарымыз жұмылдырылды.

Мұнымен қатар, жат ағым мүшелерінің жетегінде еріп кетудің алдын алу үшін 10 мыңға жуық азаматтарымызға діни сауат ашу курстары жұмыс жасады. 15 мыңға жуық кітаптар мен кітапшалар тегін үлестірілді. Жеке және жалпы кездесу жұмыстарына 100 мыңдаған адам қамтылды. Мұның барлығы еліміздің болашағы мен тыныштығы жолындағы еңбектеріміздің бір парасы деуге болады.

Жыл басынан бері Шымкент орталық мешіті жанынан «Имамдардың білімін жетілдіру орталығы» ашылды. Онда қаламыздағы 106 мешіттің 152 діни қызметкері қысқа мерзімді курстан өткізілді. Курс барысында ақида (сенім), фиқһ (шариғат негіздері) және Құран Кәрім негіздері пәндерінен дәріс оқылды. Сайып келгенде, жат ағым мүшелерімен бетпе-бет сөйлесу үшін діни қызметкерлердің де жан-жақты болғаны абзал. Имамдарымыз карантин кезінде әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін мейілінше пайдалануда.

Ғаламтордың бір пайдасы – жуырда ғана өткен қасиетті Құрбан айт мерекесінде ниет еткен азаматтарға онлайн түрінде құрбандық шалуына үлкен көмегі тиді. Олар Діни басқарма тарапынан арнайы ашылған сайтқа кіріп, қаржыларын аударып, құрбандыққа мал шалуға үлкен мүмкіндік алды. Мұндай тәжірибе әлемнің көптеген елдерінде кездеседі. Мысалы, Түркия, Малайзия және Сауд Арабиясында қажылық кезінде барған қажыларымыз онлайн түрінде қаржыларын аударып, құрбандық мал шалып жатады.

**– Діни экстремизм мен терроризм туралы сөз қозғасақ... Діни экстремизм мен терроризмнің Ислам дініне қатысы қанша? Қоғамымызға мүлдем жат осындай құбылыстар қайдан пайда болады?**

– Негізі, Исламда терроризм де, басқа да «-изм» де жоқ. Бұлардың дінімізге он қайнаса сорпасы қосылмайды. Токиодағы метрода улы газ шашып, қаншама адамның өліміне апарып соқтырған «Аум Синрикё» сектасын ешкім де «Будда терроризмі» деп атаған жоқ. Батыс елдерінің бірі болып саналатын Испанияда бірнеше жарылыстар болды. Бірақ ешкім де оны сол елдің дінімен байланыстырған жоқ. Бұзақы топтардың аты аталып, түсі түстеліп анықталды. Ислам – білім мен ғылым діні. Ғылым қаншалықты дамыған сайын қасиетті Құран Кәрім де дами түседі.

Біз дінімізді түрлі саяси мақсатқа пайдаланғысы келетіндерге жол бермей, әрі олардың жетегінде кетпей, біртұтас Қазақстан үшін жұмыла жұдырық болып, діндер арасындағы түсіністікке, диалогқа жол ашып, жікшілдік пен фанатизмге тосқауыл болуға тиіспіз деп санаймыз. Ислам діні адамдарға тек рухани жағынан ғана емес, дүнияуи жағынан да мәліметтер береді, мына өмірдің ізгі жолын түсіндіреді. Ислам қағидаларының бәрі де ақылы бар адамға түсінікті һәм оның логикалық үндестігі сақталған. Исламда түсініксіз, зиянды, керітартпа қағидалар мен бұйрықтар жоқ.

Дін – бір ұлттың меншігіндегі дүние емес. Ол адам таңдамайды. Мейлі ол қара болсын, ақ болсын, бай болсын, кедей болсын, бөліп жармайды. Исламият бүкіл ғаламдық дін болғандықтан, ұлтшылдықты, нәсілшілдікті қоштамайды. Бір ұлттың немесе нәсілдің басқаларға үстемдігін қабылдамайды. Әр азамат өз қарақан басын ғана ойлап, сөз бостандығын қалқан етіп біріміздің біріміз жағамыздан алып, жазықсыз да негізсіз жала жауып, сүріндіруге тырыссақ, өзіміз де, еліміз де қасірет шегеді. Осыны ұмытпаған жөн дер едім.

Ата-бабаларымыздан қалған «Ырыс алды – ынтымақ» деген қағида бар. «Бақ қайда барасың», – деп сұрағанда, Бақ: «Ынтымаққа, бірлікке, сабырлыққа барамын», – деген. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың пайдасы да, ғибраты да мол. Жаратушы Иеміз бір, кітабымыз бір, пайғамбарымыз бір, мазһабымыз бір, Отан біреу, жер біреу, тіл біреу. Ендеше базбіреулердің неге бөлінгісі келеді? Неге кейбіреулердің үй ішінен үй тіккісі келеді? Егемен ел болып, еңсесін көтерген халқымызды жерге қаратпайық. Елдің, діннің, тілдің ертеңін ойлайық. Бүгінгі күні халық пен жер, дін, Отан тұтастығын сақтап, дербес те тәуелсіз мемлекеттігімізді одан әрі баянды етуден артық міндет жоқ.

Кемеңгер, ақын Абай атамыздың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегеніндей, әр уақытта ауызымыздан Алланың сөзі, қолымыздан Құран Кәрім түспесін дегім келеді.

**– Біздің елімізде діни экстремизм мен терроризм үшін жауапкершілікке тартылған жандар бар ма? Олардың алдын алу мақсатында қандай шаралар іске асуда?**

– Өзіңізге белгілі, елімізде карантин жарияланғалы бері мешіттер де уақытша жабылды. Күнделікті бес уақыт намазға, азан айтуға рұқсат берілгенімен, жамағаттың мешітке келіп, бес уақыт намаз бен жұма намаз оқуына рұқсат етілмеді. Себебі түсінікті – мешітке адам көп жиналатындықтан індеттің таралуына тосқауыл қойып, жол бермеу. Мұны мешіт жамағаты дұрыс түсініп, басшылыққа итағат етуде.

Ал, осы карантин кездерінде мешіттің басқару жүйесі тек онлайн түрінде өзіне жүктелген міндетті атқарып отыр. Әр тапсырма мен нұсқаулық тек онлайн түрінде жүргізілуде. Бұған басында аздап үйрену қиын болғанымен бүгінде имамдарымыз тез бейімделіп алды.

Сондай-ақ, жамағатқа діни ақпарат пен насихат жұмыстары осы онлайн арқылы жүргізілуде. Әлеуметтік желілер арқылы, оның ішінде ютуб арнасынан күнделікті беріліп келеді. Күн сайын сағат 14.00-де онлайн түрінде тікелей эфирден хатым Құран оқылады. Мұнымен қатар, уағыз-насихат жұмыстары да осы форматта өткізілуде.

Осындай өтпелі кезеңде қала тұрғындары мен жамағаттың көкейде жүрген сұрақтарына дұрыс әрі нақты жауап беру үшін Шымкент орталық мешітінен «Call center» орталығы ашылды. Онда білікті һәм тәжірибелі 15 имам бекітіліп, күн сайын таңғы 09:00-ден кешкі сағат 20:00-ге дейін жұмыс жасап келеді. Айына 2-3 мыңға жуық тұрғыннан қоңырау келіп түсіп жатады. Ең негізгі мақсатымыз – осындай сәттерді пайдаланып, өзге теріс пиғылды секталар мен ағымдардың жетегінде жастарымыз кетіп қалмауын қамтамасыз ету. Сол үшін осы шаралар дер кезінде қолға алынды.

Тағы бір жаңалығымыз – Шымкент орталық мешіті жанынан «Оңалту» орталығы ашылды. Мұның негізгі мақсаты да – түрлі кереғар ағым жетегінде адасып жүрген азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бүгінгі таңда карантин талаптарына сәйкес ол азаматтармен онлайн түріндегі жұмыстар қолға алынып отыр.

Өзіңізге белгілі, өткен жылы «Жусан» операциясы арқылы елімізге Сирия елінен босқын болып жүрген қандастарымыз жеткізілді. Бүгінде солардың біразы Шымкент қаласында тұрады. Олармен де тығыз байланыс жасап, мешіт имамдарымен қатар Шымкент орталық мешіт жанында құралған «Әйел-қыздар секторы» бөліміндегі дінтанушы ұстаздарымыз байланыс түзіп, асыл дініміздің, салт-дәстүрлеріміздің озық тұстарын жан-жақты түсіндіруде. Олардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын ескеріп, мешіт тарапынан тұрақты қайырымдылық негізде көмек көрсетілуде. Кеше ғана өткен Құрбан айт мерекесінде шалынған Құрбандық еттері 25-тен астам отбасыға жеткізілді. Осы бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

**– Діни экстремизм мен терроризм өскелең ұрпаққа қаншалықты қауіпті? Жастарды бұл құбылыстардан аман сақтап қалу үшін не істеу керек?**

– Өте орынды сұрақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан «Жастар секторы» бөлімі ашылды. Бұл бөлімнің негізгі мақсаты – жастар тәрбиесіне мән беру, осы бағытта кешенді жұмыстар атқару болып табылады. Осы бөлімнің қаламыздағы бөлімшесінде көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда, жастарды еңбекке баулу, түрлі кереғар әрекеттер мен секталардан сақтандыру, білім алу, ата-ананы құрметтеу, отбасы мәселелері, т.б. күнделікті қажетті мәселелермен шұғылдануда.

Сондай-ақ, карантин талаптарына сәйкес, жастармен онлайн түрінде уағыз-насихат жұмыстары жүргізілуде. Онлайн уағыздар түрлі тақырыптарды арқау етіп, апта бойы жүргізілуде.

Мұнымен қатар, жыл сайынғы дәстүр бойынша «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, көпбалалы отбасылардан шыққан, мүмкіндігі шектеулі, жағдайы жоқ мектеп оқушыларына 350 дана планшет табыс етілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда.

Мешіттердің есігі уақытша жабылғанымен сауаптың есігі ашық тұрады, – демекші, карантин талаптарына сәйкес мешіттерде қайырымдылық бағыттағы жұмыстар тоқтаған емес. Өздеріңізге белгілі, Мақтаарал ауданы мен Төлеби ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға еліміздің барлық облыстарымен қатар Шымкент қаласының төрт ауданы қалыс қалмай, бірнеше рет үлкен жүк көліктерімен азық-түлік, киім-кешек т.б. қажетті заттар жеткізілді.

**– Діни экстремизм мен терроризмнің белең алып кетуіне кім кінәлі? Жат ағымдар мен діни секталардың бұған қатысы бар ма?**

– Бір кездері үлкен проблемалардың бірі – ата-бабамызды жік-жікке, ру-руға бөлу болған. Ендігі жерде әр қазақ отбасында үш бірдей дінді ұстану үрдісі қалыптасып отыр. Мұның соңы қазірдің өзінде ел арасындағы татулық пен бірлікке сызат түсіріп келеді. Бұл бір ғана ұлттың басына түскен нәубет емес. Бәлкім, бүкіл еліміздің тұрғындарына келген ауыртпалық деп түсінген жөн болар. Осы тұрғыдан алғанда, әлгіндей теріс, жат пиғылды, еліміздің ертеңіне кесірін тигізетін ағымдар мен секталарға қарсы арнайы заң қабылдануы тиіс деп санаймын.

Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз өзінің хадис шәріптерінде «Мұсылман – мұсылманға бауыр» дейді. Жалпы айтқанда, асыл дінімізде өзге дін өкілдерінің ар-намысына, жеке құқығына қол сұғудан қайтарылған. Тіпті, пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу алайһи уасаллам жылына бір келетін Құрбан айт күндері сойылған мал етінің бір бөлігін өзге дін өкілдеріне сый етуді әмір еткен.

**Сұхбат жүргізген**
**Әсет САНДЫБАЙҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА – САМОЕ ВАЖНОЕ ПОЛИТИЧЕСКОЕ СОБЫТИЕ



## Мы становимся ближе к Европе по гос. устройству

Послание Президента страны – самое важное и ожидаемое политическое событие сезона. Миссией этого документа является опережение времени и ответы на запросы общества и граждан. В Послании Президента К. Токаева народу страны обозначены самые актуальные и первостепенные проблемы и ответы на них.

Для меня важным является ответы на вопросы в общественно-политической сфере. В этой сфере намечены существенные положительные сдвиги. Впервые в политической истории страны четко поставлен вопрос соблюдения прав человека. В политическом лексиконе права человека поставлены на самый высший пьедестал. Права человека - самая высшая ценность для государства!

Общественность постоянно отмечала, что реформа правоохранительной системы является главным элементом доверительного диалога между обществом и властью. К. Токаев заявил, что нам предстоит реформа правоохранительной системы. Правоохранительная система должна идти навстречу к запросам граждан о справедливости и равноправии. «Законность и справедливость должны быть обеспечены по умолчанию».

Граждан услышали, и по реформе этой сферы принимаются конкретные и правильные решения. Послание Президента К. Токаева четко показывает, что мы идем к стадии просвещенного государства, где права и свободы граждан являются главным элементом и ценностью государства. В стране внедряются международные стандарты и нормы соблюдения прав человека. Эти решения являются залогом необратимости политических реформ.

Заявлено, что мы переходим к выборности сельских акимов. Сельских акимов население будет выбирать напрямую. Повышается роль и место местных Маслихатов. Будет разработана новая концепция развития местного самоуправления. Мы внедряем прямые стандарты демократии.

Думаю, на очереди и изменения принципов формирования власти и на других уровнях.

В Послании особое внимание уделено повышению эффективности государственного аппарата: создается Агентство по стратегическому планированию; Высший Президентский Совет по реформам. Сокращается госаппарат на 25%. За счет сокращения госаппарата будет повышена зарплата сотрудников.

Эра нефти и других минеральных ресурсов заканчивается. Будут проведены масштабные меры по диверсификации экономики. Предполагаемые меры в экономике позволят избавиться от голландской болезни нашей экономики. Этот аспект является самым важным условием поступательного развития страны.

В целом Послание Президента страны стало важной вехой и знаменательным событием в процессе политической трансформации страны. Меняется облик самого института государственности, мы становимся ближе к европейским странам по основным аспектам государственного устройства.

**Ерлан САИРОВ,**
**директор института Евразийской интеграции**

## Казахстанцы услышали ответы на наболевшие вопросы

Для меня, как руководителя организации, работающей с детьми и подростками, вчерашнее Послание Главы государства было особенно актуальным.

1) Миссия «Жас Ұлан Ұйымы» – создание условий для всестороннего развития ребенка, формирование навыков и компетенций у детей и подростков. Выступая на различных площадках, мы всегда обращали внимание как коллег, так и государственных органов на эти вопросы.

И мы были очень рады услышать, что Президент уделил особое внимание развитию неформального образования, формированию компетенций, а также развитию творческого и спортивного потенциала подростков.

Поддерживаю идею Главы государства о том, что развитие массового спорта, открытие кружков и секций позволят обеспечить досуг подрастающего поколения и направить их энергию в правильное русло.

2) Президент уделил большое внимание вопросам доступа детей к качественному образованию: поручил разработать Единую образовательную платформу, сказал о создании равных условий для всех детей вне зависимости от того, специализированная школа или обычная, сельская или городская, поручил разработать Концепцию непрерывного образования, и самое главное, работа акимов теперь будет оцениваться по уровню работы с детьми!

3) Одним из направлений деятельности организации «Жас Ұлан» является экологическое направление. В Год волонтера, будучи реализатором Общенационального проекта Birgemiz: Taza Alem, мы уделяем большое внимание вопросам формирования экологической культуры и осознанности у населения.

Ситуация с озером Кобейтуз, факты жестокого обращения с животными и другие случаи заставили обратить внимание на экологические вопросы на самом высоком уровне. «Охрана окружающей среды и экологическое развитие выходят на первый план казахстанской повестки дня», – отметил в своем выступлении Президент.

Также поддерживаю решение Президента об ужесточении наказания за жестокое обращение с животными. В рамках проекта Birgemiz: Taza Alem есть целое направление «зоозащита». Мы также подписывали петицию, инициированную Ассоциацией по защите животных INUCOBO. Поэтому очень рады, что Президент поддерживает обращения и инициативы граждан.

Также К.Токаев отметил ужесточение наказания педофилам и профилактику буллинга среди детей. Не могу не отметить повышение зарплат учителям на 25% и надбавки медработникам. При этом Президент подчеркнул, что многомиллиардные суммы тратятся на отечественные футбольные клубы. Не хочу обидеть футбольных болельщиков, но пандемия показала, кто из них настоящие герои и кто должен получать достойную зарплату.

В целом, Послание было четким, точечным, глубоким. Президент затронул все сферы жизни, каждый казахстанец, наверное, услышал ответы на свои наболевшие вопросы. И это не может не вдохновлять.

**Динара САДВАКАСОВА,**
**председатель РОО «Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан»**

## Организационные вопросы, которые обозначены президентом

Во-первых, создание Агентства по стратегическому планированию и реформам с передачей ему Комитета по статистике МНЭ. Подобная структура впервые была создана в марте 1997 г. на базе аппарата Высшего экономического совета как Агентство по стратегическому планированию (АСП) и подчинялась президенту. В октябре того же года она была переименована в Агентство по стратегическому планированию и реформам (АСПР или, как ее называли в народе, «аспирин») и передана в состав правительства.

В его ведение были переданы Комитет по ценовой и антимонопольной политике, Комитет по статистике и анализу, Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации. В мае следующего года МЭИТ «отжал» у АСПР антимонопольный комитет и часть функций по экономическому планированию.

Через месяц АСПР был переведен в президентский блок. В октябре 1999 г. АСПР было преобразовано в АСП, его бессменный председатель Ержан Утембаев стал вице-премьером. АСП руководили затем Кайрат Келимбетов и Искандер Бейсембетов. А в августе 2002 г. АСП был упразднен с передачей полномочий Министерству экономики и бюджетного планирования.

Во-вторых, создание Агентства по защите и развитию конкуренции как органа, подчиненного президенту. Отмечу только, что ранее существовавшие Агентство по регулированию естественных монополий (АРЕМ) и Агентство по защите конкуренции (АЗК) были упразднены в августе 2014 г. с передачей их полномочий Министерству национальной экономики, где был создан Комитет по регулированию естественных монополий и защите конкуренции.

В феврале 2017 г. Комитет по защите прав потребителей МНЭ был реорганизован – часть полномочий ушла в Комитет охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения, а другая влилась в состав нового Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей МНЭ.

В июле 2019 г. в МНЭ были созданы Комитет по защите и развитию конкуренции и Комитет по регулированию естественных монополий.

Вопрос повышения антимонопольного ведомства стоял давно. Рассматривалась даже идея его преобразования в независимый регулятор по типу Нацбанка. С другой стороны, перевод его в президентский блок – значительный шаг в данном направлении.

В-третьих, упразднение постов ответственных секретарей. Эту должность ввели в 2007 г. в рамках проводимой правительством Карима Масимова административной реформы. Напомню ее суть. Правительство стало органом коллегиальным. Программы правительств, одобряемые парламентом, были отменены. Полномочия по административной работы от министров ушли к ответсекам. Государственные активы из ведения министерств были переданы госхолдингам. Территориальные структуры министерств стали межрегиональными. И еще много чего.

В самой идее несменяемых ответсеков было заложено определенное здравое звено, но эта реформа имела бы смысл, если бы все изначально придерживались изначальной задачи, однако ответсеков стали менять чуть ли не чаще, чем министров. «Капризные» члены правительства постоянно просили поменять «чужих» ответсеков и поставить «своих».

В итоге, смысл был окончательно утрачен. Идея была дискредитирована и ее отмена просто закончила судьбу этого аппендикса. Вместо ответсеков вновь будет восстановлен простой и понятный институт руководителей аппаратов министерств, существовавший до 2007 г.

В-четвертых, слияние холдингов «КазАгро» и «Байтерек». Что касается истории вопроса, то, по сути, институты развития были созданы задолго до самих холдингов и как инструменты финансовой поддержки отраслей экономики себя в определенной степени уже показали. Наиболее значимые – поддержка МСБ, кредитование жилищно-строительной программы и финансирование проектов АПК. Сейчас еще создается «Фонд развития промышленности». Если убрать разбухший аппарат и лишние дочерние структуры, то создание нового холдинга имеет свою логику – стать финансовым оператором программ поддержки экономики. Вопрос в том, что внутри обоих холдингов существует запутанная система управления финансовыми потоками и, как отмечают коллеги, без детального аудита реформировать холдинги нельзя. Это что касается прямых организационных решений. На мой взгляд, очень важной инициативой является блок послания, касающийся развития местного самоуправления. Помимо разработки концепции и подготовки законодательной базы главной «фишкой» является инициатива о введении прямых выборов сельских акимов. Это шаг не просто назрел, но и, как говорится, перезрел. Без выстроенной системы местного самоуправления на принципах выборности и ответственности перед населением дальнейшая модернизация политической системы страны – нонсенс.

**Данияр АШИМБАЕВ,**
**политолог**

Қазыбек ИСА, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі:

# ҰЛТШЫЛДЫҚПЕН МАҚТАНУЫМЫЗ КЕРЕК!

## ЕЛ АЗАТТЫҚ АЛДЫ – ТІЛ АЗАТТЫҚ АЛҒАН ЖОҚ!



**Ел біздікі. Жер біздікі. Неге әлі күнге дейін мемлекеттік тіл үшін күресіп келе жатырмыз? Осы сауалдарға Тіл туралы заңның 31 жыл толуына белгілі ақын, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Иса жауап берді. Белгілі журналист Нартай Аралбайұлымен ютуб желісінде болған сұхбат барысында қоғам қайраткері мемлекеттік тіл, ұлтшылдық, митинг, сайлау секілді елдегі ең өзекті тақырыптарға тоқталып, көкейіндегі келелі ойларын ортаға салды.**

– Бұл әлемнің ешбір елінде жоқ жағдай. Ал, бұл ең бірінші кімге тиеді десе, ең алдымен билікке тиеді. Себебі, бәрі биліктің қолында. Билік сол баяғы құл кезінде сөйлеген тілінен әлі арылған жоқ. Ел азаттық алды, Тіл азаттық алған жоқ. Құл ғана қожайын тілінде сөйлеуге құмар болады.

Биліктің қазақ тілінде сөйлеуге құлқы жоқ. Биліктегілердің өздері де, балалары да қазақ тілін білмейді. Қазақ тіліне қарсы шығып жүргендер өзге ұлт өкілдері емес, өзіміздің қазақтар. Әсіресе, билікте отырған қазақ тілін білмейтін қазақтар, – деді Қазыбек Иса өз сөзінде.

Сонымен қатар, ол қоғамның үлкен қолдауына ие болған «КОНСТИТУЦИЯДАН 7-баптың 2-тармағын АЛЫП ТАСТАП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК!» атты Ашық хаттың ары қарайғы тағдыры туралы да айтып өтті.

– Мен Ұлттық Кеңесте де осы мемлекеттік тіл мәселесін көтерген болатынмын. Сол кезде бір айдың ішінде Мәдениет министрлігі жиын өткізді. Қазанның 8-күні Ұлттық академиялық кітапханада министр Актоты Райымқұлованың жүргізуімен, барлық комитет төрағаларының қатысуымен жиын өтті. Сол кезде Тіл комитетінің төрағасы Ғалымжан Мелдеш тек менің осы мемлекеттік тіл туралы ұсынысым бойынша баяндама жасады. Төрт күннен кейін, сол кездегі вице-премьер Бердібек Сапарбаев бес министрді жинап алып, тағы жиын өткізді. Мен ол жерде де осы тақырыпты көтердім. Жақында, осы жазда Мәдениет министрлігінің Тіл комитетінде Мемлекеттік тіл туралы заң жобасының Тұжырымдамасы жасалып, Үкіметке жіберілді. Енді ол Үкімет басшысы Асқар Маминнің қолында, – деді Ұлттық кеңес мүшесі.

*qazaquni.kz*

# ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛҒЫС АЙТУДЫҢ ОРНЫНА

## ҚАРҒЫС АЙТАТЫНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛСЫН!



**Ютуб әлеуметтік желісінде украиндық блогермен болған әңгіме барысында Солтүстік өңіріміздегі Рудный қаласының тұрғыны Кирилл Божко қазақ халқына қасақана тіл тигізіп, аузына келгенін айтып, көк езу боп, кеуде соғып отырған видеосын мен де көрдім.**

Қазақ халқын – маймылға, қазақ тілін – маймылдар тіліне теңеген тексізге тіпті әңгімені жүргізіп отырған украиндық блогердің өзі ашуланып, «Ұлы қазақ халқына алғыс айтуың керек!» деп сөз қайтарды. Алайда, ымды білмеген, дымды да білмейді дегендей, мына сорлы «Қазақтың жері – Ресейдің жері» деп өзінің ашық сепаратистік пиғылын жалпақ жұртқа жаюдан тайынбады.

Өкінішке орай, осындай «орманына қарай ұлитын» шибөрілер біздің елде аз емес.

Құзырлы органдар уақытылы әрекет етті ме, әйтеуір, бірер уақыттан кейін әлемжеліде «бесінші колонна мүшесінің» кешірім сұрап, қазақ халқын қадірлейтінін айтқан видеосы да тарап кетті.

Алайда, бізге, қазақ халқына, оның кешірім сұрағаны керек емес!

Бұл бір жаман тенденцияға айналды. Осынай есі жоқ еріккен әрбір тұрғын ел, жерге қатысты ойына келгенін айтып алады да, артынша кешірім сұрап, жөніне жүре береді.

Біз осыған дейін өзге ұлттарға қарасты ашумен сөз айтқан қазақ балаларының да сотталып кете барғанын көп көрдік қой. Алайда, қазақ халқына тіл тигізгендердің әрдайым кешірім сұрап, құтылып кетіп жүргенін ғана байқап жүрміз.

Әлеуметтік шиеленіс деген де осындайдан туындайтынын билік жақсы түсінеді деп ойлаймын. Түсінбесе, жаман әрине...

Мына ватниктің видеосына да құзырлы органдар назар аударып үлгерді, әзірге білетініміз осы.

«Әлеуметтік желіге мониторинг жүргізу барысында полицейлер «YouTube» арнасынан аталмыш видеоны анықтап, шұғыл тексеріс жүргізді. Қазір күдіктінің тұлғасы анықталып, тергеу шаралары басталды. Күдікті 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін», деп мәлімдеді Қостанай облысының полиция департаменті.

Қылмыстық іс қозғалды.

Енді ашық сот пен заңға сай лайықты жаза кесілуін ЕЛ боп талап етейік!

Қазақ еліне алғыс айтудың орнына қарғыс айтатындар қатаң жазаға тартылуы керек!



**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ,**
*Қазақ үні*



Әділбек ҚАБА, Тіл комитетінің төрағасы:

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУДІ МІНДЕТТЕЙТІН ЗАҢ ҚАЖЕТ

**Қажеттілік. Мемлекеттік тілді еліміздің әр азаматы өз бетімен үйренуге, таза сөйлеп, жазуға , өмірде қолдануға құлықты болуы үшін алдымен осы қажеттілік болуы керек. Сонда ғана қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тілге, еліміздегі ұлтаралық қатынас тіліне айналдыруға мүмкіндік бар.**

Ал ол қажеттілікті туғызудың екі жолы бары белгілі. Біріншісі, заңмен міндеттеу, бақылауды күшейту. Екіншісі, әр азаматтың тілді үйренуге деген құлшынысын ояту, жағдай туғызу, орта қалыптастыру, патриоттық рухын, сүйіспеншілігін арттыру.

Біріншісінің жайы белгілі, қоғам Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға жақындап келе жатыр. Ал екіншісі, яғни тілді үйренуге деген құлшынысты ояту, қажеттілік туғызу күн сайын және тоқтаусыз жүргізілетін жұмыс.

Тіл комитеті төрағасы қызметіне тағайындалған он күн ішінде осы бағытта жасалған жұмыстарға назар аудартa кетейін.

Бірінші, Президенттің еститін мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін, еліміздегі барша БАҚ пен әлеуметтік желілердегі тілге қатысты айтылған мәселелер мен жарияланымдарға мониторинг жасап, жедел назар аударуды, қажетті шаралар қабылдауды қолға алдық.

Екінші, еліміздегі терминолог ғалымдар мен мамандарды жинап, онлайн конференция өткізіп, онда елімізде осы уақытқа дейін мақұлданған 27 мың терминге қайта мониторинг жасап, сәтсіз терминдерден арылу міндетін қойдық. Сондай ақ терминдерді Үкіметтік комиссиямен бекітуге ұсыну туралы қарар қабылдадық.

Үшінші, латын әліпбиін жетілдіру мәселесі бойынша түркі тілді елдер арасында ғылыми конференция өткізіп, әліпбиімізді халықаралық деңгейде талқыладық. Оған Түркия, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдовия, Қарақалпақстан, Татарстан, тағы басқа елдерден ғалымдар қатысып, әліпби жасаудағы және латын графикасына көшудегі мәселелер туралы ғылыми баяндама жасады. Түркі тілдес мемлекеттер арасында Тіл саласы ғалымдары арасындағы Ассоциация құру мәселесі көтерілді.

Төртінші, Тіл комитетінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында және Тіл мәселелерін әлеуметпен бірлесе талқылап отыру үшін фейсбук, инстаграм әлеуметтік желілерінде Тіл комитетінің акаунттарын аштық. Енді сіздерді толғантатын мәселелерді, тілге қатысты заңсыздықтарды осы жерде жаза аласыздар. Мүмкіндігінше тез назарға алып, шешімін ұсынуға тырысатын боламыз.

Бесінші, үш тілді еркін меңгерген, қазақ тілді жастар арасында байқау өткіздік. Олардың тіл үйрену тәжірибесі тіл оқыту орталықтарына ұсынылатын болады.

Алтыншы, Республика бойынша мемлекеттік тілді оқытатын тіл орталықтары оқытушылары арасында сынақ өткізіп, ең озық оқытушыны анықтадық. Ендігі жерде озып шыққан оқытушының ұтымды оқыту әдістемесі еліміздегі 99 тіл оқыту орталықтарына, басқа да тіл үйретуші мамандарға ұсынылатын болады.

Жетінші, еліміздегі мемлекеттік тілдің мәселелерін үздіксіз көтеріп жүрген ұлтжанды азаматтардың басын қосатын «ТІЛ ЖАНАШЫРЫ» онлайн тобын құрдық. Мақсат – Президенттің мемлекеттік тілді ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру идеясын жүзеге асыру тұрғысында тілге бірлесе қызмет ету. Онлайн топқа тіліне, ұлтына қарамастан өзін тіл жанашыры санайтын кез келген азамат қатысып, пікірін білдіре алады. (Егер өзіңізді тіл жанашыры санасаңыз, айтарыңыз, қосар үлесіңіз бар болса, қосыламын, қолдаймын деп аты- жөніңізді жазып, телефоныңызды қалдыруыңызға болады.)

Сонымен Тіл комитеті жаңаша жұмыс істей бастады. Бұл бағытта Сіздерге арқа сүйейтініміз анық.

Іске сәт! Тіліміз мәңгі болсын!

*Қазақ үні*

# ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫ ҰСТАНАТЫН ПАРТИЯ




**Нұр-Сұлтан қаласында «Ақ жол» партиясының ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру бойынша жұмысы туралы брифинг өтті. Шараға «Ақ жол» партиясының төрағасы, парламенттік фракция жетекшісі Азат Перуашев, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов пен Мәжіліс депутаты Дания Еспаева қатысты. Жиын барысында Азат Перуашев Президенттің қыркүйектің басындағы халыққа Жолдауына қатысты пікір білдірді.**

«Мемлекет басшысының Жолдауы елдің қазіргі жағдайына сәйкес және пандемия кезінде мемлекетті басқарудағы кемшіліктерді көрсетіп берген, қоғамның өзгерістерге үмітті екенін ескеріп жасалған құжат болды. Көп жағдайда Президент мәселелерді ашық көтеріп, олардың шешімдерін іздестіруді ұсынды. Сонымен қатар, кейбір проблемаға Президент жауапкершілікті өзіне алып, нақты тапсырма берген. Әсіресе Президенттің әлеуметтік саладағы шешімдері ерекше орында тұр. Мәселен келесі жылы зейнетақы қорындағы қаражатты халықтың тұрғын үй мен емделу үшін пайдалана алуы, тұрғын үй бағдарламаларын жақсарта алуы, мұғалімдер мен дәрігерлердің жағдайының көтерілуі, инфекциялық ауруларды емдеу туралы тапсырма бергенін білесіздер», – деді Азат Перуашев ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Сонымен қатар, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса партияның басты ерекшеліктерін атап өтті.

– «Ақ жол» партиясының өзге партиялардан айырмашылығы – біріншіден, ұлттық мүддені қорғауымыз, ұлттық саясатты ұстануымыз. Біздің партия тұңғыш рет 2007 жылы Ұлттық саясат концепциясын қабылдаған, 2013 жылы «Алаш» бағдарламасын ұсынған жалғыз партия! Ұсынып ғана қоймай, соған байланысты жұмыс істеп келе жатқан партия.

«Ақ жол» партиясының арқасында Қазақ Парламенті тарихында тұңғыш рет 2012 жылы 7 қазанда Алаш арыстарының аттары аталып, ұлағатты істерін ұлықтау мәселесі көтерілді.

«Ақ жол» мемлекет көңіл аудармаса да, Алаштың 95 жылдығын да, 100 жылдығын да атап өтті. 2012 жылдан бері бірнеше рет республикалық ғылыми конференциялар мен Халықаралық мүшәйралар өткізіп, мерекелік медаль шығарды.

2013 жылдан бері «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық бағдарламасы биыл сегізінші рет өтіп келеді. Бұл дәстүрлі байқау аясында жас Алаштанушылар шоғыры пайда болды.

2015 жылы Қазақ хандығы 550 жылын атап өтуді «Ақ жол» ұсынып, Елбасыға хат жазды. Қазақ хандығына арнап халықаралық мүшәйра өткізіп, мерекелік медаль шығарды.

«Ақ жол» партиясы – Қазақстан Республикасының азаматтығын алатындар қазақ тілін, ҚР Конституциясын және Қазақстан тарихын білуі жөнінен емтихан тапсырғаннан кейін беруді заңнамалық тұрғыдан бекітуді саяси бағдарламасына жазып қойған жалғыз партия!– деп атап өтті Қазыбек Иса.

- Екіншіден, «Ақ жол» Президенттік басқару жүйесінен Парламенттік Республикаға көшуді ұсынып отырған партия.

2012-2016 жылдары «Ақ жол» депутаттары Үкімет пен фракциялардың арасында тең қарым-қатынас қағидаларын қалыптастыру үшін көп күш салды. Осы қағидалардың бірі – біз әзірлеген, сегіз жылдан кейін қабылданған «Парламенттік оппозиция туралы» заңда іске асырылды.

2013 жылы «Парламенттік оппозиция» туралы заң жобасын ЕҚЫҰ жоғары бағалады. Бірақ қазақ үкіметі өткізбеді.

2019 жылы Ұлттық Кеңестің екінші отырысында бұл мәселені Президент Тоқаев көтеріп, ол биыл қаңтардан бастап талқыланып, қабылданды. Заң жобасын жасаушы «Ақ жол» партиясы болды.

Бұл заң оппозицияны құрып бермейді – бұл заң Парламенттегі азшылық партияға қосымша кепілдіктер береді. Яғни, алғаш рет біздің заңнамаға «парламенттік оппозиция» ұғымын «Ақ жол» енгізіп отыр.

• «Ақ жолдың» заң жобасын жасағанына қарап, «ойбай, парламенттегі оппозициялық партия «Ақ жол» болады екен» деп шулап кетті. Олардың ішінде кәдімгідей саясаткер боп жүргендер, сақа журналистерді көргенде күлкің келеді. Парламенттегі оппозициялық партия болып парламент сайлауында екінші орын алған партия саналады.

«Ақ жол» еліміздің барлық азаматтары алуы тиіс базалық зейнетақыны енгізуді ең алғаш ұсынған партия. Ал қазір базалық зейнетақыны тек «Ақ жолдықтар» алып жатқан жоқ қой, барлық ел азаматына тиесілі,-деп қорытты сөзін Қазыбек Иса.

Сонымен бірге, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов ауыл әкімдерін сайлау жүйесін бекіту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына қатысты өз ойын айтты.

«Бұл мәселе бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Ауыл әкімдерін сайлау туралы бастаманың өзіне 7-8 жыл болып қалды. Қазіргі ауыл әкімдерін сайлаушылар – мәслихаттар. Президенттің беріп отырған тапсырмасы мен қолданыстағы ауыл әкімдерін сайлау жүйесінің арасы жер мен көктей десек болады. Мысалы, қазір ауылдың әкімі болып кім сайланып жатыр? Мәслихаттың ұсынғаны, аудан әкімінің айдауына жүретін, зейнетақыға шығып қалған немесе өмірлік тәжірибесі аз азаматтар бүгін де ауылдарды басқарып отыр. Ал, енді болашақта Президенттің беріп отырған тапсырмасы қандай? Ол сол ауылда тұратын, өз ауылын көркейтуге мүдделі, жаны ашитын азаматтар ауылдарға сайлануы керек», – деді Берік Дүйсембинов бүгін ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Брифинг барысында «Ақ жол» партиясы Асхат Аймағамбетовке шабуыл жасап жатыр деген пікірлерге де лайықты жауап берілді. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Дания Еспаева нақты дәлелдермен халық қаржысының жоғалып жатқанын мәлімдеді. Бұл мәселені партия аяғына жеткізетінін қадап айтты.

«Дания Еспаеваның Мәжілістегі Білім және ғылым министрлігіне қатысты депутаттық сауалы қоғамда қатты талқыланды. Көбісі бұл Асхат Аймағамбетовке жасалған шабуыл деп жатты. Осыған байланысты не айтасыздар? Жалпы Дүниежүзілік банктен алынған 67 млн доллар туралы мәселені «Ақ жол» партиясы жиі көтеріп жүр. Осының себебін түсіндіріп өтесіз бе?» деген тілшінің сауалына депутат Берік Дүйсембинов те жауап берді.

– Біздің бұл сұрағымыз – Асхат Аймағамбетов мырзаға азамат ретінде емес, министр ретінде қойылған сауал болатын. Асхат Аймағамбетовті бүгінгі таңдағы қазақтілді ұлтжанды азаматтардың бірі деп аса құрметпен қараймыз. Ол азамат министрдің орынбасары болған кезде талай сұрақтарымызға тікелей жауап берген. Қарым-қатынасымыз өте жақсы. Әлеуметтік желідегі тарап кеткен «министрге жасалған қарсы шабуыл» деген ақпарат жалған. Біздің көтеріп отырғанымыз – интернеттің жайкүйі. Оны өздеріңіз көріп отырсыздар. Егер қаржы игерілмесе, сол қаржыны сұрауға ұйытқы болған, бұрынғы министрліктің өкілі кім? Қандай жазаға тартылды? Кім жауапты? 67 млн долларды игермейтін болсақ, ратификация жасап не үшін алдық? Енді жылына сол қарызды резервте ұстап отырғаны үшін 165 мың АҚШ доллары төленеді. Бұл кімнің арқасында төленіп жатыр? Соған жауап алғымыз келген. Бұл қарыз алынғанда Аймағамбетов министр болмаған. Сондықтан бұл Асхат Аймағамбетовтің жеке басына емес, министрлікке қойылған сұрақ екені ескерілсе дейміз, – деді депутат.

Білім министрлігіне байланысты сұраққа Қазыбек Иса:

– «Ақ жолдың» депутаты өзінің ақшасын сұрап жатқан жоқ, халықтың қаржысын сұрап жатыр. Ол үшін алғыс айту керек қайта.

Ал Асқат Аймағамбетовке бұл сауалға жауап беріп, министрлік миллиардтары қайда кеткені туралы есеп беруге тура келеді. Министр болғаны үшін.

Біз Аймағамбетовты «Қазақ үні» газетінде үнемі қолдап, насихаттап келеміз. Өйткені, қазақы қаны, ұлтшылдығы бар, мектептен шыққан мен білетін Білім министрлерінің бірі осы Асхат Аймағамбетов! Бірақ әліппені қайтарған Аймағамбетов түгілі әліппенің авторы Ахмет Байтұрсынұлы Білім министрі болса да, халық қаржысының қайда кеткеніне есеп берер еді...

Маңызды өткен брифинг барысында Ұлттық саясатты ұстанатын партия– «Ақ жол» барлық ашық сұрақтарға анық жауап берді.

*qazaquni.kz*

**«АҚ ЖОЛ»:**

# МЕДИЦИНА ҚАЛДЫҚТАРЫ

## БЕЙ-БЕРЕКЕТ ҚОҚЫС АЛАҢДАРЫНА ТӨГІЛМЕУІ КЕРЕК

**ҚР Экология, геологияжәне табиғи ресурстар министрі М.М.МЫРЗАҒАЛИЕВКЕ**
**ҚР Денсаулық сақтау министрі А.В.ЦОЙҒА**
**ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

Құрметті Мағзұм Маратұлы!
Құрметті Алексей Владимирович!

Төтенше жағдай тоқтатылғаннан кейін COVID-19 коронавирусының қайта өршуінің қайғылы тәжірибесі, сондай-ақ Еуропада, Ресейде және басқа елдерде жаппай жұқтырудың екінші толқыны туралы хабарлар жағдайында біздің елімізде пандемияның жаңа таралуы мен жаңа құрбандарының алдын алу шаралары ерекше өзекті болып отыр.

Осыған байланысты COVID-19 жұқтырған адамдармен жұмыста қолданылған медициналық мекемелердің қалдықтары (қорғану костюмдері, шприцтер, бинттер және т.б.) ерекше қауіп төндіреді.

Негізінде, Қазақстанда халықаралық талаптарға сәйкес, эпидемиологиялық қауіпсіздік дәрежесі бойынша (5- сынып) медициналық қалдықтарды жіктеу анықталып, қалдықтарды кәдеге жарату қағидалары бектілген.

Әлемдік практикада кәдеге жарату үшін медициналық қалдықтарды өртеу не автоклавтау (қысқа толқынды және булы жылумен өңдеу) пайдаланылады. Қазақстанда негізінен өртеу әдісі қолданылады.

Алайда, бұл қызметтерге бірыңғай талаптар мен тарифтердің болмауы алаңдаушылық тудырады.

Мысалы, тек Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бақылауындағы емдеу мекемелеріне (олардың саны 30-дан астам) әдеттегі режимде 400 тоннадан астам эпидемиологиялық қауіпті, аса қауіпті және токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар шығарылады.

Қазіргі жағдайда олардың көлемі айтарлықтай өсті.

Бұл ретте қалдықтардың кәдеге жарату бағасының әртүрлі. №4 қалалық емхана бір килограм қалдықтар үшін 20 теңгеден төлесе, №6 емхана дәл сондай салмаққа 818 теңгеге дейін төлейді, яғни 40 еселенген айырмашылықты құрайды.

Бұл жағдайда медициналық мекемелердің медициналық қалдықтарды кәдеге жарату үшін «баға ұсыныстарын» сатып алу кезінде баға демпингінің пайда болатыны түсінікті.

Нәтижесінде медициналық қалдықтардың тұрмыстық қалдықтар полигондарына немесе тіпті рұқсат етілмеген қоқыс үйінділеріне төгу фактілері барлық жерде орын алып отыр. Бұл жалғасып жатқан пандемия аясында халықтың өмірі мен денсаулығына аса жоғары қауіп-қатер төндіреді.

Бұл біздің сақтандырғанымыз емес, өйткені әлеуметтік желілер мен тәуелсіз телеграмм-арналарда қауіпті қалдықтарды жедел жәрдем машиналарында тасылатыны және қалдықтарды Алматы, Қарағанды және басқа да өңірлерде тұрғын үйлер маңындағы қоқыс жәшіктерге лақтырылғаны туралы бейнежазбалар мен фотосуреттер пайда болды.

Нұр-Сұлтан қаласының маңындағы Ключи ауылына қарайтын жерге 2-3 тонна көлемінде медициналық қалдықтар (қаны бар пробиркалар, шприцтер) лақтырылды. Мұндай мысалдар аз емес.

Барлық осы әрекеттер пандемиядан бұрын да болған, пандемия кезінде де болды және қазір де жалғасуда.

Қазір мұндай әрекеттер қауіпті ғана емес, сонымен бірге адам өліміне алып келетін қылмыс.

Өздеріңіз білетіндей, адамдар мен қоршаған ортаны эпидемияның таралуынан мүмкіндігінше қорғауға тырысып, туыстарының адамшылық сезімдері мен діни дәстүрлеріне қарамай, коронавирустан қайтыс болған науқастарды ерекше тәртіппен жерленеді.

Медициналық қалдықтар адам өміріне үлкен қауіп төндіреді, өйткені оларда бір емес, көптеген вирус тасымалдаушылардың биоматериалы бар.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, «Ақ жол» депутаттық фракциясы Денсаулық сақтау министрлігі мен Экология министрлігінен келіп түсетін дабылдарды шұғыл түрде шешуді, осы салада тәртіп орнатуды, сондай-ақ қауіпті медициналық қалдықтарды тасымалдау мен кәдеге жарату талаптарын бұзғаны үшін бақылау мен жауапкершілікті қатаңдатуды сұрайды.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары өз тарапынан эпидемиологиялық қауіпсіздік қызметтерімен пысықталған заңнамаға тиісті түзетулер енгізуге дайын.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары М.Қазбекова, А.Перуашев, Е.Барлыбаев, Е.Никитинская, К.Абсатиров Б.Дюсембинов, Д.Еспаева**

№36 (906) 28.09.2020 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



# ДҮЛДҮЛ

***Биылғы жылымызды қазақ халқы үшін мерейтойлар жылы десек қателеспейміз. Әлемнің екінші ғұламасы атанған Әл-Фарабидің 1500 жылдығы, ұлы Абайдың 175 жылдығы дәп биылғы жылға сәйкес келгені осыған нақты дәлел. Елімізге кеңінен танымал бұдан да басқа белгілі тұлғалардың мерейтойлары халық арасында аталып өтіп жатыр. Солардың қатарында арқалы ақын, әнші, актер, композитор, шебер домбырашы, суырып салма айтыскер ақын Иса Байзақовтың та 120 жылдық мерейтойы осы жылдың еншісіне тиіп отыр. Әрине, әлемді жайлаған коронавирус індеті ұлтымыздың біртуар ұлдарының мерейтойларын алдынала жоспарлангандай жоғары деңгейде өткізуге кедергі болғаны баршаға аян. Бірақ одан ұлы тұлғалардың беделі төмендемек емес, керісінше жылдар өткен сайын олардың шоқтығы биіктеп, келер ұрпақ көгінде жарық жұлдыздай жарқырай түсері анық.***

Небары қырық алты жылдық қысқа ғұмырында қазақ әдебиетіне, ұлттық өнерімізге өлшеусіз үлес қосқан Иса Байзақов 1900 жылы 3-қазанда Павлодар облысы Ертіс ауданы Үлгілі ауылында дүниеге келген. Әкесі Байзақ сауатты, жасында ән салып, өлең шығарған, шағын шаруалы кісі болған. Иса 9 жасында шешесі қайтыс болып, әжесі Жанбаланың бауырында өседі. Өнерлі, шежіреші әжесінің тәрбиесін көріп өскен Иса нағашы ағасы Рахметтен домбыра тартып, ән салуды үйренеді. Кішкентайынан өнерге бейім ол «Домбырашы бала», «Әнші Иса» атанады. Революцияға дейін байлардың қойын бағып, шахтада жұмысшы болады. Алдымен ескіше сауат ашып, одан кейін Семейдегі жұмысшылар факультетін, Орынбордағы қазақ ағарту институтын, Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Оқып жүрген кезінде суырып салма ақындығы, әншілігі, домбырашылығымен ерекше кезге түседі. Өлендері баспасөзде бірінші рет 1924 жылы жарияланған. 1926 жылы Қызылордада Қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылғанда Әміре Қашаубаев, Қалыбек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов сияқты тағы басқа танымал актерлармен бірге жаңа театрдың негізін қалады. Жас театр қойған алғашқы пьесаларда Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пен «Бәйбішетоқал» пьесасында басты рөлдерде ойнаған. Өзі инсценировка жасаған «Біржан-Сара» қойылымында Біржан рөлін сомдап, ақындық, әншілік, домбырашылық өнерімен жұртты ерекше сүйсіндіреді. Театрда спектакль соңынан үнемі қойылатын концерттерге де белсене қытысқан. Әншілік, артистік, домбырашылық өнерінің үстіне, серіктестері Әміре Қашаубаев, Елубай Өмірзақов секілді әншілердің айтатын халық әндеріне жаңа мазмұнды мәтіндерін жазып берген. Мысалы, «Заулатшы-ай», «Қалқа», «Ісмет», «Назқоңыр», тағы басқалардың сөзін Иса Байзақов қайтадан жазған. Халыққа кең тарап кеткен мұндай ән мәтіндерінің саны қырықтан асады. Қазақтың халық әндерін тұңғыш жинап бастырушы Александр Затаевич Иса Байзақовтың аузынан «Кәкен», «Бике», «Жар-жар», тағы басқа халық әндерін жазып алып, нотаға түсірген. Иса Байзақов орындайтын бірсыпыра халық әндері «Айман-Шолпан», «Ер Тарғын» операларының музыкасына енген. Ал атақты «Гәкку» әні Иса Байзақовтың орындауымен ешбір өңдеусіз «Қыз Жібек» операсына көшті. Театрға жиналған жұрттың қалаған тақырыбына іркілместен суырып салып, өлең шығаруымен «ақын-артист» атанған Иса Байзақовтың ақындық дарыны жарқырай көрінді. Күн сайын театрда суырып салып айтатын жаңа жырлары, газеттерде жарияланып жататын ірілі-уақты өлеңдерінен басқа, оның эпикалық көлемді шығармалары да жарық көрді. «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Алтай аясында», «Кавказ», «Қырмызы-Жанай» (аяқталмаған), «Ақбөпе» поэмаларында Иса Байзақов адамгершілікті, адал махаббатты жыр етеді. Қазақтың басынан өткен қайғылы кезеңдерін көз алдына елестетіп, қазақ пен қалмақтың ірі бай-феодалдарының зұлымдығын әшкерелейді, тап қайшылығын көрсетеді. Иса Байзақов өз кезеңіндегі өмір шындығына «Неге Алатау шаттанды?», «Ұлы құрылыс», «Он бір күн, он бір түн» поэмаларын арнаған. 1932-1940 жылдар аралығында Алматы, Қарағанды, Семей қалаларында радиода, филармонияда, Жазушылар одағында қызметтер атқарған. Денсаулығына байланысты өзі бара алмаған Ұлы Отан соғысы жылдарында Оңтүстік Қазақстан облыстарында тұрып, ел аралап, үгітшілік қызмет атқарды. Халықтың рухын көтеріп, ерен еңбектерімен жауды жеңуге шақырды. Бұл кездерде композиторлық дарыны да кеңінен танылды. Оның атақты «Желдірмелері» (бес желдірме) сол жылдары халықтың жан-жүрегін тербеп, әнұранына айналды десе де болады. Иса Байзақовтың өмірі мен шығармаларын Есмағанбет Ысмайылов, Мәди Хасенов, Рахманқұл Бердібаев тағы басқалар ғалымдар зерттеген. Жазушы Николай Ановтың «Ән қанаты» романында, осы аттас кинофильмде әнші-ақынның көркем бейнесі жасалған. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Ал, ақын үшін ең басты марапат халықтың сүйіспеншілігі болатын. Атақты ақынның есімі Алматы, Павлодар қалаларындағы көшелерге, Ертіс ауданыдағы ауылдық округке, Үлгілі ауылындағы орта мектепке берілген. Онда ақынның әдеби мұражайы бар.

Амал жоқ, биыл сақтық шараларын сақтау мақсатында көптеген іс-шаралар шағын ғана топпен, көбінесе онлайн режімінде өткізілетін болды. Иса Байзақовтың 120 жылдық мерейтойына арналған «Қазақтың дүлдүл ақыны» атты конференция да дәп осындай жағдайда өтті. Алдымен сөз алған Павлодар облысы Ертіс ауданы әкімі Аян Байсекин жерлестері Исадай дүлдүл ақынын мақтан тұтатынын жеткізіп, оның соңына қалдырған әдеби, мәдени мұралары болашағымыз жастарды тәрбиелеуде таптырмас үлгі-өнеге екеніне ерекше тоқталды. Облыс, аудан көлемінде алдынала белгіленген жоспарлардың пандемияға байланысты орындалмай қалғанына өкініш білдіріп, дегенмен көптеген шаралардың іске асып жатқанынан хабардар етті. Аудан көлемінде Иса ақынның сан қырлы өнеріне арналған түрлі әдеби, мәдени байқаулар өткізіліп, Иса оқулары бірнеше жылдан бері тұрақты іс-шараға айналғанын баян етті. Аудан халқының талабы бойынша Иса Байзақов көшесінде ескерткіші орналасқан аудандық Мәдениет үйіне ақын есімін беру туралы ұсынысын жариялап, көп кешікпей бұл игі бастама іске асатынына сенім білдірді.

Тартымды өткен жиынға ақынның туыстары, жерлестері, әдебиет, мәдениет, ғылым өкілдері, өзге де қоғам белсенділері қатысты.

Иса Байзақовтың ұрпақтары – немерелері, тарих ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің профессоры Құралай Ертісқызы мен Қырмызы Ертісқызы атасы-әжесі, әке-шешелері жайлы қызықты естеліктер айтып берді. Жазушы-журналист, ҚР Мәдениет қайраткері, Иса ақын және оның ұрпақтары жайлы жазылған кітаптың авторы Ғалия Балтабаева ақынның қызы Мақпуза Байзақова әкесі туралы көптеген құнды деректерді жинап, жеке кітап басып шығарғаны туралы әңгімеледі. Кітап жазу барысында өзі де Исаның көзі тірі замандастары белгілі әдебиет және мәдениет майталмандарымен кездескенін, ақын туралы түрлі аңызға бергісіз әңгімелеріне қаныққанын айтты.

Ақынның жерлесі, педагогика ғылымының кандидаты Алма Қожахметова Иса өлеңдерін сонау бала кезінен жаттап өскендігін айта келе, анасы Сара жас кезінде Иса домбырамен өлең айтқанда аузынан шыққан сөздерін қағазға түсіргендігі жайлы әңгімелеп берді. Сонымен бірге, А. Қожахметова қай ұлт болсын өз мәдениеті мен әдебиет саласындағы дарынды тұлғаларын кеңінен дәріптеуі, мақтан тұтуы заңды құбылыс деді. Мысалы, орыстар Пушкин, Толстой және өзге де ақын-жазушыларының туған жерлерін тарихи маңызы бар мұржайларға айналдырды. Дүлдүл ақын Иса Байзақовтың туған ауылы «Үлгіліні» де осындай тарихи орынға айналдыру қажеттігіне аймақ, аудан басшыларының назарын аударды.

Ақынның туысы, тарих ғылымының докторы, профессор, Еуразия гуманитарлық институтының ректоры Амангелді Құсайынов Иса Байзақовтың сан қырлы шығармашылығының ерекше тұстарына тереңірек үңіліп, оны зерттеу жағы сыңаржақтық сипат алып жүргенін атады. Белгілі ғалым Иса ақын шығармаларындағы түйдек-түйдек философиялық көзқарастары мен ақын ғана емес этнограф, тарихшы болғанын көрсететін шығармаларынан нақты мысалдар келтірді. Сонымен бірге туған жер табиғатын суреттеуде және махаббатты жырлауда қазақ поэзиясына қомақты, тіпті теңдессіз үлес қосқанын естен шығармау керектігін жеткізді.

Расында, кейбір жылдарда Иса шығармашылығынан шикілік іздеген, орынсыз сын айтқандар да болды. Бұл жерде біз Иса Байзақовтың ұлтымыздың баға жетпес асыл қазынасы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің түйісер тұсындағы тұлға екенін, екі кезеңді жалғастыратын алтын көпір салушылардың өкілі екенін естен шығарып алатынымыз бар. Ал, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасы жер мен көктей екені белгілі. Ауыз әдебиетінен нәр алған жазба әдебиет қана көркемдігі жоғары дүние болатыны баяғыдан белгілі. Жыр жауһарларын, дүлдүл жырларды ұлтымыздың ауыз әдебиетінен іздеуіміз керек. Одан тамыр үзген бүгінгі кейбір шығармалардың сапасыз, мәнсіз, қарадүрсін баяндаудан әрі аса алмайтынын да көріп жүрміз.

Иса өлеңді айлап жазып, қайта-қайта күзеп-түземеген ақын. Жұрт алдында ауызекі айтылған жырларының басым бөлігі мүлдем қағаз бетіне түспегені де белгілі. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп ұлы Абай айтпақшы, бұл жерде біреулерге бағыт-бағдар беруден аулақпыз. Бірақ қандай да болса ақын-жазушылардың шығармаларына әділ баға берілгені жөн. Ол жағын әдебиетшілер мен сыни талдау жасаушылардың ары мен еншісіне қалдырайық.

Ақынның шығармашылығы мен өнері туралы өзінің таңды таңға жалғайтын жырларындай ұзақ әңгіме етуге болады. Біз бүгінгі шағын мақаламызда Иса ақынның бар ғұмырын халқына арнағанын, үзеңгілес қатар жүрген достарына деген адалдығы, сыйластығы мен адамгершілігі жайлы ғана сөз етсек дейміз. Кешегі күн бүгінгілер үшін аңыз, тіпті ертегідей көрінуі ғажап емес.

Аңыздың аты аңыз, ол жылдар өткен сайын өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сондықтан Иса ақынның замандастары, туыстары, қатар жүрген қаламгерлердің өз қолымен жазып қалдырған естеліктеріне назар салып көрген дұрыс сияқты. Сонда ғана біз жыр дүлдүлінің шынайы бейнесін көз алдымызға әкеле аламыз. Соның бір-екеуін ғана назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

«1945 жылдың жазында Ұлы Отан соғысынан Алматыға қайттым. Майданнан қайтқан солдаттың сағынышын, қуанышын бұрын бір жүріп, бірге өскен жолдастарын көруге қаншалық ынтық болатынын майдандас жолдастар ғана біледі.

Сол жазда ұлы Абайдың туғанына жүз жыл толғаны бүкіл Қазақстандық мереке болды. Осы мереке үстінде өзімнің қаламдас жолдастарымның көпшілігімен кездесіп, шексіз бір қуаныштың айдынында жүзіп жүрдім. Сол жылдың жеңіс жылының жазындай жарқын, аспанындай ашық көңіліме күтпеген жерден бір ой орнай қалды. Ол не? – Ол мынау: Абай тойында ақын-жазушылардың бәрі бар; елдің кәрі тарлан, жүйрік жыраулары да топ жара суырылып шығып жатыр. Осындай думанның ортасында дуылдап жанған оттай шалқитын Иса қайда? Онсыз думан өтуші ме еді; ол әрдайым ортамызда болушы еді ғой. Осынысы қалай? Исаның орны бос тұрған сияқты, ол неге келіп отырмайды орнына... Қанатын желпіген бүркіттей өткір қара көздері төңкеріліп «Желдірмемен» желпіп-желпіп өтпес пе? Ақын жанның салютіндей жарқылдатып, асыл жырды аспандата атпас па?... Ол қатты науқас дейді. Алматыда жоқ дейді. Келе алмапты, бұл тойға. Неткен арсыз хабар. Домбырасын қолға алып, қыран құстай қомданып көз алдымызда да, өлеңнің өткел бермес теңізін екпінді желдей «Желдірмемен» сапырып-сапырып жібергенде де, сол Исаның бойында мәңгі сөнбес жалын, мәңгі тозбас өмір бар сияқты емес пе еді? Япырай, Сондай қуатты өмірді, сүмелек ауру басынғаны не сұмдық!?

«Иса келіпті», – деді бір жолдас. Қуанғанымнан: «Иса! Иса! Иса!» – дей бердім ішімнен. Түскен жерін біліп алдым да, дереу сонда тарттым. Көз алдымда баяғы Иса сол қалпында елестейді. Жеттім. Ендім үйіне, сәлем бердім. Төрдегі бір төсекте Исаға маңдайы ұқсас, бір құр сүйек адам жатыр екен. Жаныма мұз төгіліп кеткендей болдым. Даусы ақырын ғана шығып, «Қарағым, Қасымым!» деді де, қалт-қалт еткен қолын соза берді. Менің ыстық шеңгеліммен, оның салқын тартқан шеңгелі достықтың бір түйініндей жазылмай біраз тұрды.

– Отыр, қарағым, – деп төрді ұсынды.

# ЖЫРДЫҢ дарабозы

Отырдым. Жайлап басын көтеріп, ол да төсек үстінде отырды.

– Аман-есен қайтқаныңды естіктем. Бәрін де естіктем. Қайырлы болсын, үй болыпсың.

Ол менен қандай өлең жазғандығымды, ағайын-туысқандарымнан кім барлығын сұрады. Осыдан кейін төсектің бас жағында тұрған, алғашқыда Исаның қойнындағы баласындай жастықтаса жатқан домбырасын алды да, бас пернеден сағаға дейін бір-екі рет сыдыртып өтті. Байқаймын, саусақтары бұрынғыдай құйғытпайды, тек жай ғана желеді...

– Сәбитке сәлем айт. Осында Сапарғалиді жіберіпті, менің өмірбаянымды жазып алсын, – деп. Тегі мені «өледі» деп ойлаған екен. Мен өлмеймін. Туберкулезім жоқ, тек бойымды суық алған. Өлмеймін! – деді Иса.

Бұл кез 1946 жылдың көктемі еді. Сол жылдың жазында Иса Алматыдағы туберкулез институтының ауруханасында жолықтым. Бірнеше адаммен бірге жатыр екен. Сәлемімді алды. Қуанып қалғаны бірден сезілді. Өзімен қатарласа жатқан домбырасын алды да «Желдірмені» ойнап, бірден қосылып кетті. Амал не, дауысы сәл-сәл ғана естіледі. Кеудесін әбден қажығандығы сезіліп-ақ тұр. Бұдан соң жазушылар ұйымында не жаңалықтар болып жатқанын сұрады. Өзіне кім келді, кім келмегенін айтты. Әсіресе, Мұхтар мен Кәрімнің келгеніне қатты риза екенін айтты. Ақыр соңында:

– Мен осы қанша өлмеймін десем де өлемін-ау деймін. Тегі, енді ұзаққа бармаспын. Жолдастарға сәлем айт. Сәбитке сәлем айт, – деді де көзін жұмып біраз жатты. Мен шаршап жатқанын сездім де:

– Иса аға, мен енді кетейін, – дедім. Қолын созды. Қолын алдым да шығып кеттім.

Осыдан біраз күн өткен соң Шахмет Құсайынов, Ғабдол Сланов тағы бірнеше жолдастар болып сол институтқа барып, Исаның сүйегін алдық...» деп үлкен өкінішпен жазған екен қазақтың тағы бір дарынды ақыны Қасым Аманжолов Иса туралы шағын естелігінде. Оған қоса «Ақын ретінде рухы жағынан, адам ретінде мінезіммен де мен ақын ағам Исекеңе ұқсайтын тұстарым аз емес. Ол мені жақсы көретін, сонысын өзім мақтан тұтатынмын. Мені де ажал алса оның қасында болғанды қалар едім. Ал, қазақ әдебиеті тарихында менің атым Исадан кейін тұруы керек» дегені тағы бар. ( «Ақын Иса» кітабы. 151- бет).

Әдебиетте, өнердің сан саласында да еліміздің атын асқақтатқан дарындар жетерлік. Құдайға шүкір, қазақ ұлты ол жағынан кемістік көрген емес. Өр мінезді, жалынды жырлармен жұртты тәнті еткен дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың осы бір жүрекжарды сөзі көп нәрсені аңғартса керек. Біріншіден, қазақ әдебиетінде өшпестей із қалдырған екі бірдей алыптың бір-бірінің талантын, әдебиет пен өнердегі баға жетпес еңбектерін бағалай білгендігі. Екіншіден, жоғары адами құндылықты, сыйластық атты қасиетті ұғымды ту етіп, қастерлей білгендіктері бірден байқалады. Әдебиеттің аламан бәйгесінде қатар шапса да, ешқашан бір-бірін шаңға батырмаған тұлпарларды көз алдыңа әкеледі. Бүгінгідей жеңіл-желпі жүлде үшін бет жыртысып қалатындардай емес, алыптардың осы бір үрдісі қазіргі қалам ұстағандар мен өнер өлкесінде жүргендерге үлкен өнеге емес пе! Осындайда ақындық атты киелі өнерде достарыңа деген адалдық пен қарапайым ғана адамгершілік қасиет алдымен ауадай қажет екен ғой деген ойға қаласың.

Жасыратыны жоқ, бүгіндер бір іс-шара өткізу үшін аудандық немесе қалалық әкімдік болсын бүкіл ұжым болып, тайлы-тұяғымен бір ай бойы шапқылап, мұрындарынан қан кетіп әзер ұйымдастырады. Баяғы «Ит – иті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайдының» керін келтіріп, әкім орынбасарын, орынбасары бөлім басшыларын, олар өз кезегінде қарамағындағы қызметкерлерді жұмсап уақытын босқа өлтіреді. Сыртынан қарасаңыз бірдеңені қырып-жойып жатқандай, ысқырықтары жер жарады. Ал, сондағы айдағандары бес екі демекші, бітіретіндері шамалы. Қарап отырсақ, осындай шараларды Иса ақын жалғыз өзі-ақ атқарған. Әрі кетсе қасына анда-санда бір-екі адам ертіп жүрген. Алыс аудандарды аралап, шалғайдағы ауылдарға дейін шығып, кешкі іңірден таң атқанша концерт қойған, халықтың рухын көтеріп, еңбек адамдарына жыр арнаған. Сөзіміз жалаң болмас үшін, ақынның қызы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі Мақпуза Байзақованың әкесі туралы жазған естеліктеріндегі мына бір тұсқа назар аударылықшы. «...Әкеміздің өмірі ат үстінде өтті ғой. Әсіресе, соғыс жылдары. Сондықтан жайғасып отырып әңгімелесе қалғанда біз бір жасап қалатынбыз. Папама осы жазда музыка училищесінің балаларымен концертке қатысып, ауылдарда болып қайтқанымды айтқанда, ол кісі бірден сөзіме назар аударып, бар жайды қадағалап сұрай бастады. Жұрт алдында жүрексінген жоқсың ба, халық риза болды ма, концерттерің қанша уақытқа созылды! – деген сияқты сұрақтар. Болған жайды түгел баяндап кеп, тек бір колхозда «бар болғаны осы-ақ па» – дегені дедім. Папам жымиып қойды. «Концерттерің тым ұзақ болған екен. Дегенмен шаршап жүрген колхозшыларға түскі демалысында ойын көрсетіп, көңілдерін көтергендерің әбден жөн іс», – деді. Бастапқы «тым ұзақ» деген сөзінің астарын сезіп қалдым да – ал, өзің қанша уақыт концерт бересің! – деп сұрадым. Папам маған біраз күлімсіреп, домбырасын, өзі бір ойға кеткенде тартатын күйіне салып, шерте отырып, әңгіме бастады.

– Мен сағатқа қарап өлең айтып көрген емеспін. Халық ымырт жабыла жиылып, таң атқанда бір-ақ тарқайды. Колхозға келгенде ауылдың ең шетіндегі қарапайым кісінің үйіне түсем де, бүкіл колхоздың жағдайын сұрап біліп алам. Жалқауларының, озаттарының фамилияларын жазып алам, сонсоң басшыларының кемшілігін де біліп алып барып бастыққа жолығам, – деп күлана күліп қойды. Жұрттың қалағанын айтам. Олар «Арқалық батыр», «Рүстем-Дастаннан» айтуды сұрайды. Оған қоса, көбінесе бүгінгі қан майдандағы жас батырлар Зоя, Мәншүк, Әлия, Төлеген, Бауыржан, Мәліктердің ерліктерін жыр етем. Мәселен, майдан қорына қаражат жинап беруде ғана емес, ол да керек қой. Бірақ, ең қажеті халықтың осы ауыр күндерде рухын көтере білуде, – деп, папам біраз ойға кетіп отырды да, әңгімесін әрі жалғастырды. Сол жырымның аяғында «әр үйден кеткен арыстардың сонау майданда қан кешіп жүргенде, сендердің іштеріңде кейбір адамның еңбек етіп, көмектескен сиқы мынау», – деп суреттеп келіп, бүкіл жалқауларын сынап өтем, озаттарын мадақтай кетем. Не керек, отырған халық күлкіден ауыз жия алмай қалады. Қатты ұялғандары шыдамай, есіктен ата жөнеледі. Енді «Түн ортасынан ауып кетті, дем алыңдар», – деп өлеңге қосам, сонда бәрі бір ауыздан: «шаршаған жоқпыз» дейді. Әлден уақытта «уа, темекі тартып дегендей, сыртқа шығып желпініп келмейсіңдер ме» деймін. Тағы да бір ауыздан «Жоқ, Исеке, шықпаймыз, айта беріңіз, тек өзіңіз шаршамасаңыз болғаны», – дейді. Несін айтасың, балақай, таң атқанда бір-ақ тарқап, үйлеріне барып, шайларын ішіп, бірден қырман басына жөнеледі. Міне, папаңның концерті осылай өтеді. Сонда мен «Бар болғаны осы ма» деген сөзді естіген емеспін, – деп мені еркелеткендегі дағдысы бойынша мұрнымды бір қысып қойды...». Бұдан біз ақынның үнемі халық арасында жүргенін анық аңғарамыз. Балаларының да өнер қуып, жасаған алғашқы қадамдарына қуанып, тіпті сын көзбен қарап, жол сілтегенін байқаймыз.

Мақпуза Байзақова естелігіндегі мына бір тұсқа да елең еткізеді. «...Сол кездегі СССР Жазушылар одағын басқаратын А. Фадеев «Иса Байзақовты жіберіңіздер» деп, жөнделген телеграмма жолдапты. Ең бір қызығы, дәл жүрердегі болған оқиға. Папамның дұрыс костюмі болмай қалса керек. Ол кісі үйсіз жүргендіктен дүниелері әр жерде қалып қоятын немесе өзінен костюмі нашарлау біреуге кигізе салатын дүниенің бетіне қарамайтын адам болатын. 1936 жылдың жазында Семейде өз көзімізше екі қолы жоқ көшеде отырған бір кісіге үстіндегі су жаңа костюмін кигізе салғаны бар. Апам ренжіп еді, папам болса: «Шәрбану, сен саспа, мен ертең-ақ дәл сондай костюмнің көкесін табам, ал мына мүгедек байғұс қалай табады», – деді.

– Енді көйлекшең барасың, қонаққа келе жатырмыз ғой, – деген апама: – Е, Исаны киімі үшін сыйлаған үйдің маған көк тиынға қажеті жоқ, – деп жауап берген еді...

Содан папамыз Мұхтар ағайдың үйіне жетіп бара салып:

– Мұқа, ана киім ілген шкафты аш, – депті. Мұқаң сөзге келмей аша қойған. Папамыз барлық костюмдерін қарап шығып, біреуін киіп алыпты да, «мынау маған шақ екен, ақшасын керосин қатқанда аларсың» – деп шығып жүре беріпті. Мұны папам өзі Мұқаңа үлкен ризашылық білдіре, өзін ағасындай болып еркелетінін мақтана айтатын...» – деп жазған екен әке жолын қуып, өмірін өнерге арнаған асыл қызы. Ұлылардан ұлағат деген осы шығар!

Иса жайында қазақтың ірі тұлғаларының айтқан жылы лебіздері өз алдына бір төбе. Осы бір екі-ақ естеліктен оның халық үшін өмір сүріп, айналасына сыйлы болғанын анық байқаймыз.

...Сірә мен көштен кейін қалып па екем,
Жырлаудан тіл мен жағым талып па екен.
Ақындық міндетімді ауырсынып,
Қиналып, қабақ шытып налып па екем.

Жоқ, қайта өрге қарсы ағып келем,
Қайран ғып шаршы топты жарып келем.
Әзірмін халқым үшін бәріне де,
Өйткені ақынмын мен халықпенен.

Халқыма тәуелдімін жанымменен,
Арыммен, асау ыстық қанымменен.
Ешқашан одан менің аярым жоқ,
Бар асыл қазынамның бәрін берем... –

деп жырлаған Исадай дүлдүл ақынын халқы да ешқашан ұмытпайды....



**Зейнолла АБАЖАН**

# БАЙТОҚ ЕНДІ МӘЖІЛІС ҚАЙ КАБАКҚА ТАСТАМАҚ?!. БАС ІСТЕМЕСЕ, ҚОЛ ІСКЕ КІРІСЕДІ...

**Парламент сайлауының есік қағып тұрғанын ел де біліп, елеңдеп отыр. Әсіресе, бұл науқанды бәрінен бұрын бастап кеткен «Нұр Отанның» партиясының праймеризіне қатысушылардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі күшейіп тұр әзірше... Әркім білгенін істеп жатыр. Әсіресе өзінің «танымал блогер» екенін айтудан жалықпайтын Ғалым Байтоқ ерекшеленуге жан салуда. Мәжіліс депутаты мандатын алуға асыққан Ғалым Байтоқ блогосферадағы бос сөздерден құралған, ой атаулыдан жұрдай лексикасымен қоштасқысы келмейтінін де көрсетуде. Сонымен бірге, ол жаңа қожайынға жағымпазданууда жанталасып бағуда. Яғни бұрынғы ақжолдық блогер «ақжолдықтарды» тікелей бәсекелестер лагерінен шығарып тастамақ болып тыраштануда... Соған қарағанда оның арқасынан қағып қоюшылар аз емес секілді... Оның бұл жанкештілігіне қарап отырып, «Құлды бәрекелді өлтіреді» деген қазақ мақалы еріксіз еске түседі.. Нұротандықтар ішінде Байтоққа шын жаны ашитындар табылып жатса, бұл мақалды оның «өз тіліне» аударып және түсіндіріп берер деп үміттенемін...**



Қазыбек ИСА, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары

### ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДЫ ДҰРЫС ОҚИ АЛМАҒАН БЛОГЕР

Енді бұл блогердің 9 қыркүйектегі фейсбук парақшасындағы жалалы жазбасынан үзінді оқиық: «Фракция партии «Ак Жол» решила после четырехлетней вялотекущей политической мастурбации показать себя во всей красе перед новым электоральной кампанией! Вот например сегодня, гневной тирадой разразилась депутат фракции Ак Жол Дания Еспаева в адрес Министерства образования и науки! Проверить все с 2016 года, особенно по цифровизации и информатизации учебных заведений и подвергнуть публичной экзекуции министра А.Аймагамбетова, требует Еспаева! И вроде все правильно и актуально, но есть несколько моментов, которые отнимают минимум 50% коэффициента искренности этого запроса. Шестой созыв Мажилиса в котором депутатом является Дания Еспаева, как раз таки работает с 20 марта 2016 года, что является тем сроком, за который требует проверить МОН госпожа депутат. Где были то раньше? Что тогда в 2016 или в 2017, ну 2018, или по крайней мере в 2019 не требовали, того, чего озвучили сегодня?»

Бұл Мәжіліс депутаты болғысы келетін адамның сөзі! Бұдан Байтоқтың парламенттің, «Ақ жол» фракциясының, жалпы заң шығару жұмысымен мүлдем таныс емес, депутаттық сауалдар беру жүйесінен хабарсыз қарабайыр екенін анық көреміз! Байтоқ Дания Еспаеваның сөзін мұқият оқып шығуға да тырыспаған.

Шындығында, «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы бірнеше рет Білім және ғылым министрлігі мен үкіметтің назарын білім беру жүйесіндегі цифрландырудың қанағаттанарлықсыз жағдайына, көптеген мектептерде тұрақты интернеттің жоқтығына, цифрлық білім беру жобаларын іске асырудағы сәтсіздіктерге және т.б. мәселелерге назар аударды. Бұл ақжолдық фракциясының ағымдағы жылдың 29 шілдесіндегі Білім және ғылым министріне фракцияның хатында қойған нақты сұрақтары.

Халықтың миллиардтаған қаржысының қайда кеткенін іздеген депутатты қолдаудың орнына Байтоқ бұл депутаттық сауалға қарсы шықты. Мұндай сөзін оқыса, оны ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің арнайы мониторинг тобы «мынаның есі дұрыс па?» деп, мүшеліктен шығарып тастайтыны анық...

«Ақ жолдағы» депутаттардың мұндай сауалдары мен баяндамалары өз реті бойынша парламенттегі 8 жылдан бері үнемі жасалып келе жатыр. Байтоқ айтқандай, тек сайлау қарсаңында ғана емес. Мәселен, тек биылғы жылды ғана алсақ, маусым айында «Ақ жол» партиясы Денсаулық сақтау министрлігін коронавирустың нашарлауы үшін сынға алды. Шілде айында депутаттар білім беру жүйесіндегі цифрландыру мәселелері бойынша Білім және ғылым министрінің атына хат жазды, ал 9 қыркүйекте Білім және ғылым министрлігінің үнсіздігінен кейін депутат Дания Еспаева премьер-министрге сауал жолдады.

Сонымен қатар, Байтоқ өз оқырмандарын адастырғысы келіп, «Еспаева министр А.Аймағамбетовты көпшіліктің алдында ату жазасына кесуді талап еткендей» өтірік айтты. Еспаева тек «Білім және ғылым министрлігінің депутаттарға сұратылған ақпаратты беруден жалтарған лауазымды тұлғаларын жауапқа тартуды» талап етті. Бұл мемлекеттік органдардың парламенттегі сауалдарға жауабы кешіккен кезде болатын стандартты депутаттық реакция.

Айта кету керек, «Ақ жол» партиясы білім беру жүйесіндегі белгілі бір проблемаларды жиі көтеріп келеді. Мысалы, өткен жылы «Ақ жол» партиясы неге «Күнделік.кз» үшін қосымша ақы алынады» деген мәселені қозғады. 2015 жылдың жазында депутат Азат Перуашев Білім және ғылым министрлігін президенттің университеттерді аккредиттеу туралы тапсырмасын орындамады деп айыптады. Содан кейін министр мен депутат арасында өткір қақтығыс болды, бір жылдан кейін министр Аслан Сәрінжіпов отставкаға кетті. «Ақ жол» партиясы министр Сағадиевті де сынға алды. Яғни, «Ақ жол» Білім министрлігін партияға Байтоқ мүше болып жүрген кезден бері сынап келеді.

Депутаттардың негізгі жұмысы — парламентте заң жазу, депутаттық сауалдар жасау — бұл әлеуметтік желілерде ойына келгенін жазып отыру емес блогер Байтоқ мырза!

Сөз сөйлеу мен депутаттық сауалдар саны бойынша, олардың өзектілігі туралы айтпағанның өзінде, «Ақ жол» фракциясы парламентте көш бастап тұр.

Бұл жағдайды кезінде, 2014 жылдың 12 маусымында өткен жиында Мәжіліс депутаты, сол кездегі «Нұр Отан» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің басшысы Қайырбек Сүлейменов те мойындады: «Мен көптеген облыстарда жұмыс жолға қойылғанын айтуға тиіспін. Бірақ Кәсіпкерлікті қорғау мәселелері бойынша «Ақ жол» партиясы белсенді жұмыс істеп жатқанын «Нұр Отан» партиясының өкілі ретінде мойындауым керек өкінішке орай. Маған арыз айтып келушілер, «Ақ жол» партиясының кеңсесіне жүгінген кәсіпкерлер онсыз да көбіне бюрократтық сипатқа ие болған біздің «Нұр Отан» партиясынан гөрі көп қолдау табады деп айтады өкінішке орай. Олар әкімге жете алмайды, ал әкім партия филиалының бірінші басшысы. Оған жету және мәселені шешу «Ақ жол» партиясының өкілінен гөрі қиынырақ. «Ақ жолда олар ең болмағанда жанашырлық табады, ал «Нұр Отанға» мүлдем кіре алмайды», деп ағынан жарылған болатын.

### МӘЖІЛІС МАНДАТЫН ҚЫМБАТТАУ МЕЙРАМХАНАҒА ТАСТАУ КЕРЕК, Байтоқ МЫРЗА

Байтоқтың басынан өткен жайттар туралы қызықты ақпаратты журналист Стас Киселев өзінің Facebook желісіндегі парақшасында 2018 жылдың 10 желтоқсанында жариялаған еді: «Бір апта бұрын Қазақстанда айқайы көп, бірақ айтары жоқ бос сөздерімен танымал блогер Байтоқтың сот шешімін орындамай қашып жүргені белгілі болды. Ол несие берушілерге 9 миллион қарызын төлемеген. Бірақ блогер «Б» ақшаға ғана емес, азаматтық жауапкершілікке де жеңіл-желпі атүсті қарайтын болып шықты. Байтоқ өзінің депутаттық мерзіміндегі халық мандатын кепіл ретінде пайдалану жексұрындығына дейін барған. Бұл туралы Петропавл қаласының депутаты Павел Афанасьев айтып береді».

Афанасьевтің айтуынша, Ғалым Байтоқ бірнеше рет кафеде қалтасына қарамай қаттырақ сілтеп қойып, төлем жасай алмай, мандатын қарыз орнына тастап кеткен. Ал ол мандатты Афанасьевке сатып алуға тура келген. Негізгі міндетін ұмытқан халық мандаты қала кабактарын айналып жүріп, ақырында кеңсені жалға берген мекеме қожайынының қолынан бір-ақ шығады.... Байтоқ оны төлем орнына кепіл ретінде қалдырып, Астанаға тайып тұрған. Ал үй иесіне қарызды тағы да Павел байғұс төлейтінін айтып кетуді ұмытпаған...

Павел Афанасьевтің айтуынша, Байтоқ — кабактарда ақша орнына депутаттық мандат беруді ұнататын және мәжбүрлі түрде депутаттық мандатынан айырылған жалғыз адам. Байтоқ Петропавл қаласының мәслихатында депутат болған кезде өзінің сайлаушылары бар екенін ұмытып кетіп, Астанаға көшіп кеткен! Байтоқ осылай сайлаушыларымен байланысын жоғалтқаны және өз міндетін орындамағаны үшін мандатынан айырылды.

Қалалық мәслихаттың депутаты Астанаға мансап қуып кетіп қалды, дегенмен заң бойынша депутат Петропавлда тұруы керек еді... Ол өзін сайлаған елдің ортасында емес, елордада жүргенін ұзақ уақыт жасырып келді. Қалалық мәслихаттың депутаттық мандатынан ай-



# МАНДАТЫН



ырылса да, Байтоқ бұрынғы депутаттығын жақсы пайдаланды. Бірақ кепілге тастайтын мандаттан айрылғасын Астанада ол бұрынғы депутаттық төсбелгіні қолданды. Мысалы, қажет болған жағдайда – полицияға...

«Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, Байтоққа депутаттық мандатты кепіл ретінде кез келген жерге лақтырып тастап кете беру қалыпты әдетке айналды. Енді ол болашақта қолы жете қалса, «Нұр Отаннан» алатын Мәжіліс депутаты мандатын да қайда өткізіп кетуге болатынын ойластыруда! Бұл туралы ол facebook-тағы пікірлерінің бірінде мәлімдеді.

Шынында да, парламентте қалалық мәслихатпен салыстырғанда мүмкіндіктер өте үлкен. Енді Мәжіліс депутаты мандатын жәй кабактарға тастап кету ыңғайсыз, одан үлкен, қымбат мейрамханаларда тастаған дұрыс шығар...

Андрей Чеботаревтің: «Айтыңызшы, Ғалым, сіз елді ойлайсыз ба, әлде өзіңізді ойлайсыз ба?» деген сауалына Байтоқ: «Андрей Чеботарев, мен алкогольді асыра пайдалану үшін мандатты қайда беріп кетсем екен деп ойлаймын» деп, шынын айтып жауап берген болатын.

Шынында да, Ғалым Байтоқ Мәжіліс депутаттығының мандатын Европаның бір жеріндегі ішімдік ішетін мекемеге тапсырып кетпесе жөн болар еді, ал бізде оған үйреніп қалған ғой...

Кредиторлар алдындағы қарызы туралы сұраққа болашақ Мәжіліс депутаты «Қазір кімде несие жоқ дейсің» деп жауап берді, бірақ сот шешімін туралы жұмған аузын ашпады...

Әрине, басқа партияның праймеризіне түсу, басқа партияға кіруді түсінеміз, бола береді. Алайда өзі бір кездері мүше болған партияны жамандауды қалай түсінуге болады? Қазақ «су ішкен құдығына түкірме» дейді. Ол «Ақ жол» партиясында болғанда бәрі жақсы болған екен, ал кетіп қалғасын бәрі жаман болып қалғаны ма сонда?

Бір таңқаларлығы, өзіне қажет болған жағдайда, Байтоқ өзінің «Ақжолға» мүше болғанын еске алуды да ұмытпайды. Ол жақында бір сұхбатында: «Ия. Мен «Республика-Регион-Развитие» қорын басқарамын, Facebook-те блогым бар, онда билік үшін өте жағымсыз жазбалар да жариялаймын. Бірақ менде «Ақжолдың» белгісі қалды – бұл конструктив» деп айтты.

### БАС ІСТЕМЕСЕ, ҚОЛ ІСКЕ КІРІСЕДІ...

Иә, «Блогер болдым, мінеки» деп жайдақ атқа міне шапқан, Ғалым Байтоқ праймериз бәйгесінде тіпті есінен адасып қалса керек...

Байтоқтың бағдарламасының аты «Қайратты қол» екен... Бас істемесе, әрине қол іске кіріседі... Ал парламентке қол емес, бас керек екенін басы барлар ғана біледі...

Басында айтқанымыздай, Байтоқ әлеуметтік желі мен саясат алаңын шатыстырып алған секілді.

Негізі, «Нұр Отанның» праймериздік іріктеуі өз басыма ұнады. Бұл қанша дегенмен бір қадым алға жасалған қадам. Осы праймеризідің арқасында қаншама жаңа үміткерлер шығуда. Олардың ішінде «Нұр Отан» осы уақытқа дейін айнала шауып, мақсатты түрде жоламай қашып келген, ал Байтоқтардың басына өмірі келмейтін (өйткені оның бағдарламасы «қайратты қол» ғой) Мемлекеттік тіл туралы заңды талап ету (Бейбіт Оспан, Айдос Жұқанұлы және тб) мен ұлттық мүдделер де көтерілуде. Бір жақсысы, праймериз кімнің кім екенін көрсетіп, Байтоқ секілділердің де бес қабат бетпердесін ашып тастауда. Ал бұл праймеризідің қорытынды іріктеуіне көмек болары анық.

Қазақ тілді ортада ешкім танымайты блогер Байтоқ «Ақ жолды» сынаймын деп, сынға қалып елге танылды. Жас журналист (блогер емес) Азамат Тасқараұлы «танымал» блогерді шынында да танымал етіп, бірақ соққымен талдырып түсірді...

Өйткені «танымалмын» деген Байтоқты әлеуметтік желіде қазақтың белгілі зиялы қауымының бәрі «Бұл кім?» деп білмейді екен... Тіпті орыс тілділердің де танымай жатқандары көп...

Сондықтан Байтоқ блогер жарнамалық еңбегіміздің қадірін біліп, бағалап, құрмет білдіріп жатса, қарсы емеспіз... Болашақта Мәжіліс депутаты мандатын кепілге тастайтын мейрамханалар есебінен болса да...

Яғни, біздің бұл қымбат уақытымызды қиып, оны қазақ оқырмандарына танытатын мақала жазуға және «Нұр отан» партиясы үміткерінің «өз тілінде» – Ресейдің мемлекеттік тіліне аударып жариялауға мәжбүр болуымыз – блогердің жалалы жазбасына жауап беру. Енді ше, бос оттау болса да, бір кездегі «әріптесіміздің» әулекі әрекетін елеусіз қалдыруға бола ма екен...

Әркімнің не айтса да, өз еркі, тек әлеуметтік желі мен саясат алаңын шатыстырып алмау керек.

Өйткені, бас істемесе, «қайратты қол» қателікке ұрындырады...

**Өзін елдегі ең танымал блогер санап жүрген Ғалым Байтоқ туралы естіген боларсыздар? Әрине, орыстілді оқырмандар арасын айтып отырған болар?!. Әйтпесе, қазақтілді ортада «Байтоқ» десе, «Қай тоқты айтып тұрсың, атын естісем құлағым керең болсын», дейтіні анық. Қарапайым ел түгілі оны бір кезде өзі болған «Ақ жол» партиясындағылардан да, басшылық болмаса, басқалары біле қоймайды...**

# БІЛІМ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ҮШІН

## НЕШЕ РЕТ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ КЕРЕК, БАЙТОҚ МЫРЗА?

Осы блогер енді, депутат болғысы кеп, «Нұр Отанның» праймеризіне қатысып жатыр екен.

Сайлау әлі басталмаса да, сайлау алды саяси интригалар басталып кеткен секілді. Бір кездері «Ақ жолдың» сапында жүрген блогер, қазір өзін «Нұр Отанның» «Қарулы қолы» санайды. Ия, оның праймеризге түсіп жатқандағы бағдарламасының атауы «Қарулы қол» екен. Бағдарламасының атауы оқырмандарға өтпей қалса керек, «Бізге қарулы қол емес, ақылды бас керек» деп пікір жазып жатқандар да аз емес. Бас керек екенін басы барлар ғана біледі ғой бірақ...

Жақында ҚР Парламентіндегі «Ақ жол» фракциясының депутат Дания Еспаева Білім және ғылым министрлігіне 2016-2017 жылы (министр Сағадиевтің кезі) бөлінген миллиардтардың есебін сұрап, депутаттық сауал жасағанын «Қазақ үні» ақпарат агенттігі жазған болатын. Онда 2016 жылы министрлікке бөлінген 33 млрд теңгенің және 67 миллион доллардың есебі сұралған.

Бұл туралы өзінің «ХАЛЫҚ ҚАРЖЫСЫН СҰРАҒАНЫ ҮШІН «АҚ ЖОЛҒА» АЛҒЫС АЙТУ КЕРЕК!» атты мақаласында ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Иса да жақсы айтты.

«Білім министрлігіне бөлінген миллиардтардың жауабын кім беру керек? Сіз бен біз бе, жоқ Білім министрі ме?

Ал қандай алапат ақша, қыруар қаржы екенін қарайық? Сіз бен біздің балаларымыздың оқуына деп, 2016 жылы республикалық бюджеттен 32,9 миллиард теңге:

- 6152 мектепке 26317 мултимедиалық жабдықтар сатып алуға -12 млрд теңге;
- 7160 мектепке жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге -16,5 млрд теңге;
- 7160 мектепке цифрлық білім беру ресурстарына қосу үшін -4,4 млрд теңге бөлінген!» – деп жазған еді.

Өзін коррупцияға қарсы блогер ретінде көрсететін Байтоқтың бұл депутаттық сауалға неге қарсы шыққаны біреуге түсініксіз, біреуге түсінікті. ҚР Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі арнайы мониторингтік тобының мүшесі болып отырған блогер білімге бөлінген қаржының қайда, қалай жұмсалғанын сұрағаны үшін депутат Еспаеваға «қарғыс» айтудың орнына, алғыс айтуы керек емес пе қайта?

Фейсбукте жариялаған жазбасының «бісмілләсі» «Біз праймеризде соғысып жатқанда» деп басталатын Ғалым Байтоқ «Ақ жол» Білім министрлігін Президенттік сайлау кезінде неге сынамады?» деген сұрақ қояды.

«Боты и фейки плохо, но надо отдать должное якобы проправительственным и нур ботам, они предельно вежливы» деп, «Нұр боттардың» пікіріне сүйсініп жүретін Байтоқтың осындай шалағай сынына жауап беруді жөн көрдік.

Бірақ, мәселені шешу үшін сайлау емес, заң керек екені, ол заңның дұрыс орындалуы үшін парламентте осылай депутаттық сауалдар жолдануы керектігіне блогердің сауаты жетпегеніне жаны ашиды... Әйтпесе, Байтоқтың пәлсапасына салсақ, еліміздегі білім мәселесін шешу үшін неше рет Президенттік сайлау өткізу керек екенін ойлаудың өзі күлкілі ғой.

Блогердің тағы бір қателігі, «Ақ жол» партиясының Білім министрлігін тек қазір, кейбіреулер айтып жүргендей, «сайлау қарсаңында» емес, 2012 жылдан бері қатаң сынға алып келе жатқаны туралы хабарсыздығы. Бәлкім, біле тұра, ол туралы жазғысы келмеген шығар?

Мейлі, ғой, әркімнің өз пікірі өзіне...

Тек, әлеуметтік желі саясат алаңы емес екенін еске саламыз.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*Қазақ үні*

**Түркістан – екі дүние есігі ғой.
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңір берген несібі ғой!
Тұран тұлға тұтқан Мағжандай ұлы ақындардың маржан жырына арқау болған, бүкіл Түркі ардақ тұтқан қасиетті Түркістанның түлеуі жаңа кезеңге қадам басты! Осыдан екі жыл бұрын түбі бір түгел түркінің қуанышы – Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанның атында жаңа облыс ашылып, Түркістан қаласы Түркістан облысының орталығы болды!**



# Түркістан – түгел түркінің ордасы

«Бүгін мен қол қойып отырған Жарлық Шымкенттің республикалық мәртебесін бекітеді. Бұл әкімшілік бірлік еліміздің 17-аймағы болады. Облыс орталығы ғасырлар бойы Қазақ хандығы мен түркі әлемінің саяси және рухани өмірінің жүрегі болып келген Түркістан қаласы болады. Бұдан былай бұл өңір Түркістан облысы деп аталады», – деген мемлекет басшысы «Бірлік бесігі -Түркістанның» зор маңызы жөнінде толғамды сөз сөйледі.

Иә, Рухани жаңғыруымыз – Рухани орда Түркістанның жаңа заманға сай жарқын келбетін жасаудан жарқырай көрінуі тиіс.

Осыдан 24 жыл бұрын Түркістанға келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Түркістан болашақта облыс орталығы болады» деп айтқан еді. Енді міне, Елбасы ел тілегін екі есе орындап, Түркістанның атында облыс та ашып берді! Мемлекет басшысының бұл өлкенің бұрынғы тарихи атауын қайтаруы әділ шешім болды.

Түркістанның түлеуі – Тұран рухының жаңғырып, Туымыздың биік өрлей беруі деп білеміз!

Қасиетті Рамазан айында Түркістан қаласында ауызашар беруді дәстүрге айналдырған «Ақ жол» партиясы 2018 жылы мамырдың 25-26 күндері партияның Орталық Кеңесі пленумын да бірге өткізді. Партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев сол ауызашарда: «Жыл сайын ауызашарда Түркістанды облыс орталығы немесе республикалық маңызы бар қала етуді тілейтін едік, қасиетті Рамазан айында тілегімізді періштелердің құлағына шалынып, биыл осы түгел түркі елеңдей күткен игі шара қолға алынып жатыр»-деген еді.

Енді міне, ел күткен шешім де шығып, Түркістанның атында облыс ашылып, қаланың өзі облыс орталығы болғанына екі жылдан да асып барады. Бұл қуанышты халық жаппай қуана қолдады.

